17 МАМЫР,
2025 ЖЫЛ,
СЕНБІ
№52 (23 521)

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Ауыл естелікпен емес, ертеңмен өмір сүреді
2-бет

Тігін фабрикасының тың тынысы
5-бет

Жүрек жеңіске жетелейді
8-бет

● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Қайта түлеген қайырлы мекен

Балқаш қаласын жүйелі жаңғырту жұмыстары жалғасуда

Балқаш алдағы уақытта сәніне салтанат қосып, келбетіне көрік беріп, дамудың даңғыл жолына түседі. Мұнда шаһар үшін де, тұрғындар үшін де, туристер үшін де қолайлы әрі қажетті инфрақұрылымдар құрылысы тоқтаусыз жалғасады. Соның ішінде, тозаң басқан ескі полигонның орнына экологиялық талапқа сай жаңа кешен, су жаңа мектептің есігі балаларға айқара ашылғалы тұр. Бұдан бөлек, әуежайдың әлеуеті артып, теміржолдың жолаушы қабылдайтын қабілеті күшейе түседі. Қала тек жөнделіп жатқан жоқ – қайта түлеп келеді. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Балқашқа жұмыс сапарымен келіп, осы өзгерістердің бел ортасында болды. Қала көркін, келешек тынысын өз көзімен көріп, жаңа жобаларға серпін беріп қайтты.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Полигон құрылысы басталды

Биыл Балқашта тұрмыстық қатты қалдықтарға арналған полигонының құрылысы қолға алынды. Мамандардың мәлімдеуінше, жаңа полигон қоқысты толық сұрыптап, кәдеге жаратуға мүмкіндік туғызады. Экологиялық заңнаманың барлық талаптарына сай. Болашақта қоқыс өңдейтін зауыт та салынуы мүмкін. Жеке инвестицияларға жүзеге асырылатын жоба облыс әкімінің назарына ұсынылды. Қала әкімі Сапар Сатаев жобаның өзектілігін атап өтті.

Ескі полигон әуежайға жақын орналасқан. Қаланың бас жоспарына сәйкес, жаңа полигон әуежайдан алыс болады. Жобаны жергілікті кәсіпкер жүзеге асыруда. Наурыз айында басталған жұмыстардың бірінші кезеңі жоспар бойынша жазда аяқталуы тисі. Жоба жетекшісі Бахтияр Айнабековтің айтуынша, полигонды одан әрі кеңейту әлеуеті бар.

1 гектар аумақты жайластыру қарастырылған. Полигонды пайдалану мерзімі – 35-40 жыл. Инвестор жеңілдікті несие алуға өтінім беру үшін қоқыс өңдеу зауытын салу үшін бизнес-жоспар әзірлеуде. Ермағанбет Бөлекпаев бұл туристік қаланың экологиясын жақсарту үшін маңызды жоба екенін атап өтіп, мемлекеттік қолдау арқылы жәрдемдесуге уәде берді.

Әуежай әлеуеті артады

Облыс әкімі Балқаш әуежайының жаңартылған инфрақұрылымын да аралап көрді. Ұшу-қону жолағы, рульдеу жолдары мен перрон қайта жөнделіп, халықаралық стандарттарға сәйкестендірілді. Әуежай инфрақұрылымын жаңғырту қала мен туризмді дамытуға жаңа мүмкіндіктер береді деп күтілуде. Жоспар бойынша жолаушылар ағыны жылына 13 мыңнан 40 мыңға дейін үш есе өсуі тиіс. Жоба екі негізгі кезеңнен тұрады: рульдік жолдар мен перронды реконструкциялау, сондай-ақ, аэровокзал ғимаратын күрделі жөндеу және арнайы автокөлік қызметі үшін нысан салу.

Бірінші кезеңнің жұмыстары былтыр желтоқсан айында аяқталды. Құрылысшылар бетон жабынының екі қабатын, яғни, шамамен 114 мың шаршы метр төседі, заманауи жарық-сигналдық жабдықтар орнатылды, сонымен қатар, қауіпсіздік жолақтары, дренаж жүйелері мен тазарту құрылыстары жүргізілді. Жұмыстар жолаушыларға қолайлы жағдай жасауға және мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін қолжетімділікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ, әуеайлақ құрылыстарының сипаттамалары мен параметрлерін Халықаралық азаматтық авиация ұйымы ұсынатын стандарттарға сәйкес келтіруге мүмкіндік береді.

2-бет

● ТАБИҒАТТЫҢ ТОСЫН МІНЕЗІ

Аптаптың соңы – жаңбыр

Құтқару қызметі аймақта 40 градусқа дейін ыстық болатынын айтып хабарлама жібергеніне біраз болды. Температура 40-қа жетпесе де «Қазгидромет» қызметі 11-15 мамыр аралығында +35,0'С-ты тіркеді. Аталған қызмет мамандарының айтуынша, осы кезеңдегі мұндай ыстық соңғы рет 2004 жылы тіркеліпті. Ол кезде ауа температурасы +33,4 °С-қа дейін көтерілген екен.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды метеостанциясының деректерінше, ауа температурасының аномалды көтерілуіне Иран аумағынан келген жылы ауа массалары әсер еткен.

– 1932-ші жылдан 2024 жылғы 9-17 мамыр аралығында ауа райының осылай қатты ысуы 2004 жылы тіркеліпті. Биылғы ыстық абсолютті температура саналады. 15 мамырда тіркелген көрсеткіш – 35,0'С. Осыған байланысты 11-17 мамыр аралығында Қарағанды және Ұлытау облыстары аумағында ескерту жарияланды. Алайда, 16 мамырдан бастап, облыс аумағында атмосфералық фронтальды ағындар әсерінен қатты жауын-шашын күтіледі. Ал, облыстың оңтүстігінде шаңды дауыл болады. Ауа температурасы түседі деген болжам бар, – дейді метеоболжам бөлімінің басшысы Айжан Косубаева.

Осы орайда мессенджерлер мен әлеуметтік желілерде 60 жылда бір рет болатын ыстықтың келе жатқаны туралы ақпараттың жалған екенін айта кеткен жөн. «Қазгидромет» қызметі ақпараттың шындыққа сәйкес келмейтінін мәлімдеді.

DIGITAL KAZAKHSTAN

Қауіпсіздікке арналған қосымша

«eGov Mobile» қосымшасында цифрлық қауіпсіздік қызметі іске қосылды. Бұл сервис жеке деректердің жария болу фактілерін анықтауға, күмәнді сілтемелерді тексеруге және онлайн алаяқтықтан қорғануға көмектеседі.

Жаңа сервистің қажеттілігі «eGov» қосымшасындағы онлайн сауалнама нәтижесінде айқындалды. Сауалнамаға 50 мыңнан астам адам қатысып, олардың 53%-ы жеке деректерінің интернетте тарап кеткенін байқаса да, қайда жүгінетінін білмейтіндерін мойындаған. Ал, 62%-ы мұндай жағдайда қалай әрекет ететінін білсе, 31% адам фишинг дегеннің не екенін түсінбейтін болып шықты. Бұл – интернеттегі алаяқтардың ең көп қолданатын айласының бірі. Әр бесінші адам ғана жалған сайтты шынайы сайттан ажырата алатынын айтқан.

Осы олқылықты ескере отырып, «Nomad Guard» деп аталатын жаңа сервис іске қосылды. Бұл қызмет фишингтік сілтемелерді, жалған сайттарды және деректердің таралу фактілерін тексеруге мүмкіндік береді.

Аталған қызметті қолдану үшін алдымен «eGov Mobile» қосымшасына кіріп, «Басқа сервистер» бөліміне өту қажет. Содан соң «Тексер» батырмасын басып, сайттың немесе сілтеменің мекенжайын енгізіп, «Жіберу» батырмасын басу керек. Тексеру нәтижесін «Менің тексерулерім» бөлімінен көре аласыз. Сондай-ақ, қосымшада «Алаяқтық» бөлімі бар, бұл арқылы күмәнді жағдайлар туралы хабарлауға болады.

Өз тілшіміздің

● ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

Шаһар шекарасынан бұрын ой шекарасы өзгерді

Көп жылдар бойы жай кеңейе берген, біртіндеп шеті мен шегі көрінбей кеткен Қарағанды енді жаңа даму бағытын таңдап отыр. Бұл жолғы бетбұрыс – сыртқа емес, өз ішіне. Қарағандының жаңа Бас жоспары – осы өзгерістің айқын дәлелі. Жақында Достық үйінде өткен қоғамдық тыңдауда құжаттың басты тетіктері таныстырылды. Әкімдік өкілдері, жобалаушылар, сарапшылар мен қала тұрғындары Қарағандының қайда бет алатынын бірге саралады. Тыңдауға – 200 адам, өзгеріске – бүтін қала үн қосты. Жиынға Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Кожухов пен оның орынбасары, жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы саласына жауапты Қайрат Қамзин қатысты.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ықшам, бірақ, ширақ қала

Қарағанды – сыртқа емес, өз ішіне үңілуді таңдады. Қаланың жаңа Бас жоспары дәл осы ойдың дәлелі іспетті. Енді бейберекет кеңею емес, жүйелі және ықшам даму – басты ұстаным.

Жобаны әзірлеген «Биосфера Қазақстан» компаниясының басшысы Валентин Жирковтың айтуынша, қала дамуының үш түрлі сценарийі қаралған. Бірі – оңтүстік бағытқа, екіншісі – солтүстікке (Теміртауға қарай), үшіншісі – орталық, яғни, қала шекарасында шоғырлану бағыты. Соңғысы – ең тиімді, тұрақты және экологиялық жағынан ұтымды нұсқа ретінде таңдалған.

– Біз нақты есеп жүргізіп, шынайы жағдайға сүйене отырып, «қолданыстағы мүмкіндік аясында шоғырланған даму – ең тұрақты жол» деген қорытындыға келдік, – дейді Валентин Жирков.

Мұндай тәсіл Пришахтинск пен солтүстік-шығысқа қарай орналасқан аумақтарды дамытуды көздейді. Сонымен қатар, Оңтүстік-Шығыс бағытта – Көгілдір тоғандар аумағында және шығысқа қарай жаңа тыныс ашылады. Бұл – көмірсіз, таза аймақтар.

Экологиясы қолайлы, ресурстық жағынан тиімді, болашаққа сеніммен қарауға болатын мекендер.

Жаңа жоспар қаланың шетін үлкейту емес, шекара ішіндегі тынысты кеңейту. Майқұдық пен Оңтүстік-Шығыс аудандарын қосу арқылы инженерлік және көліктік жүйелер бір-біріне жақындай түседі. Бұл өз кезегінде тұрғындардың күнделікті өміріне тікелей әсер етеді – жол қысқарады, қызмет жақындайды, сапа артады.

4-бет

Қайта түлеген қайырлы мекен

Балқаш қаласын жүйелі жаңғырту жұмыстары жалғасуда

(Соңы. Басы 1-бетте).

Теміржол вокзалы жөндеуден тыс қалмайды

Аэро ғана емес, теміржол вокзалын қайта жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Перрон және ішкі үй-жайлар жаңартылады. Балқаш теміржол вокзалының ғимараты толық жаңартылып, инженерлік инфрақұрылымдары ауыстырылып, іргелес аумағы абаттандырылмақ. Атап өтерлігі, жаңғырту жұмыстары барысында вокзалдардың тарихи келбеті өзгермейді.

Инфрақұрылым игілігі артады

Туристер көп келетін Ағыбай батыр көшесінде де жаңарту жүріп жатыр. Ұшақ монументі бар алаңды да абаттандырады. Онда, қиыршық тас төсемдерді ауыстыру мен көгалдандырудан басқа, ыңғайлы кіреберіс пен тұрақ жасалады. Ағыбай батыр көшесіне 110 миллион теңге қаржы бөлінген.

Биыл жағалауды абаттандыру аяқталады. Сондай-ақ, көлдің жағажай жағасы да ретке келтіріліп, қамыстан тазартылады. Жағалау аймағын қайта құрудың бірінші кезеңі бойынша жұмыстардың 85%-ы, екінші кезеңінің 75%-ы аяқталған.

Сонымен қатар, 2021 жылдан бастап, екі кезеңмен жылу желілерін қайта құру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Екінші және үшінші кезең бойынша жалпы ұзындығы 97,7 шақырым қалаішілік су құбыры желілерін реконструкциялау жұмыстары жалғасын табуда. Оның ішінде, 2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде әртүрлі диаметрлі 42 шақырым сумен жабдықтау желілері ауыстырылды. Бұл желілердегі апаттар санын азайтуға ықпал етті. Биылғы жылға 25 шақырым құбырды ауыстыру жоспарланған. Сапар Сатаев жалпы қала бойынша 18 көшенің жолы жөнделетінін хабарлады. Орталық көшелерде 94 көпқабатты үйдің қасбеті мен шатыры жаңартылады. Тұрғындардың өтініші бойынша 20 аялдама павильоны ауыстырылады. Биыл 23 шақырым магистральды су құбыры желісін және 20 шақырым жылу желісін ауыстыру жоспарланған. Оның 14-і – орамішілік.

Жасыл желекті қалаға айналады

Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаевтың айтуынша, бұл мәселеде қиындық тудыратыны – суару жүйесін тарту. Қазір суару жүйесі тамшылату әдісімен жүзеге асырылуда. Қала кіреберісін жасыл

белдеуге айналдыруға ерекше назар аударылуда. Бұл белдеу жел, қар мен шаңнан қорғаған болумен қатар, ауаны тазартып, қаланың экожүйесін жақсартады. Бұған дейін қаланың кіреберісінде мұндай жасыл аймақ мүлде болмаған. Себебі, бұл өңірдің табиғи ортасы өте талғампаз. Ағаштардың жерсінуі қиындық тудырады. Соған қарамастан, көгалдандыру жұмыстары басталды. Әуежай бұрылысына дейін екі қатар етіп, 2 мың түп ағаш отырғызылған. Бірінші қатарға қарағаш, екінші қатарға терек егілді. Мамандардың мәлімдеуінше, кәсіби күтім мен заманауи технологиялардың көмегімен бұл ағаштар жерсініп, алдағы уақытта толыққанды жасыл қорғаныс белдеуіне айналуы тиіс. Қазірдің өзінде ағаштар тамыр жайып үлгерді. Биыл қала бойынша 6 мың ағаш отырғызу жоспарланған. Сонымен қатар, шамамен 50 мың шаршы метр көгал егу көзделуде. Мұның бәріне суару жұмыстары толығымен ұйымдастырылады. Қаланы көгалдандыру аяқталуға жақын. Мамыр айының соңына қарай ағаш отырғызуды толығымен тәмамдайды.

«Жайлы мектеп» бала қабылдауға әзір

Сонымен қатар, облыс басшысы әлеуметтік нысандарды аралап, Балқаш қаласында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша салынған жаңа оқу орнын көрді. Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығында болды. №12 жалпы білім беретін мектеп мәртебесін алған жаңа білім беру мекемесінің ауданы – 14 545 шаршы метр. Биылдан бастап, балаларға есігін айқара ашатын білім ордасы толық заманауи жабдықтармен қамтылған. 900 орындық білім ошағы оқушыларды қабылдауға дайын тұр.

Туризм индустриясына – кең тыныс

Жұмыс сапары соңында қала әкімдігінде Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен туризмді дамыту жөніндегі кеңес өтті. Оған жергілікті кәсіпкерлер қатысты. Кеңес барысында қала мен оның маңайындағы туризмді дамыту аймақ экономикасын нығайтуға, инвестиция тартуға және қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға ықпал ететін маңызды бағыттар талқыланды. Статистика бойынша былтыр Балқашқа келіп, демалушылар саны 135 166 адамға өскен. Сәйкесінше, туризмнен түсетін салық түсімдерінің көлемі өскен. Оның ішінде, туристік қызмет субъектілерінен түсетін салықтық түсімдер 475,2 млн теңгені құраған.

– Туристік маусымның ашылуы аясында осы жылы 21-22 маусымда жыл сайынғы «Балқаш Tourfest-2025» өңірлік фестивалі өтеді. Фестиваль үшінші рет ұйымдастырылып отыр. Бұл – аймақтың мәдени және туристік өміріндегі жарқын оқиға. Фестивальдің басты мақсаты – Балқаш қаласының туристік орталық ретінде брендін қалыптастыру және ілгерілету. Барлық өткізілетін іс-шаралар туристік ағынға және қолайлы инвестициялық ахуалға ықпал етеді, – деді Сапар Сатаев.

Кездесуде қала инфрақұрылымының жағдайы, қонақ үй орындарының жетіспеушілігі, сондай-ақ, көліктің қолжетімділігі мен қызмет көрсету сапасына қатысты мәселелер талқыланды. Туристердің Балқаштағы саяхатын жайлы етуге және келушілер ағынын арттыру мақсатында бұл мәселелер тиімді шешімді қажет етеді. Оның ішінде, «Шұбартүбек», «Торанғалық» сынды демалыс орындарында интернеттің нашарлығы айтылды. Торанғалыққа кіреберістегі бұзылған бұрынғы құс фабрикасының, ескі қараусыз қалған үйлердің демалыс аймағының өңін кетіріп, құтын қашырып тұрғандығы да сөз болды. Сонымен қатар, кәсіпкерлер демалыс орындарындағы кәріз құдықтарының дұрыс жұмыс істемейтіндігін алға тартты. Кездесу соңында қатысушылар тұрақты және бәсекеге қабілетті туристік инфрақұрылымды құру үшін мемлекеттік құрылымдар, бизнес және сарапшылар арасындағы ынтымақтастық шеңберін кеңейтуге келісті.

«Бүгін Балқашта болдым. Қала үшін маңызды жобалардың қалай жүріп жатқанын тексердім. Мұнда қоқысты толық сұрыптап, кәдеге жарататын жаңа ҚТҚ полигонының құрылысы басталды. Жоба жеке инвестициялар есебінен іске асырылуда. Сондай-ақ, қоқыс өңдеу зауытын салу жоспарда бар. Әуежайда ауқымды қайта құру жүріп жатыр. Ұшу жолағы, перрон жаңартылуда. Аэровокзал ғимаратындағы жұмыстар аяқталуда. Іске қосылғаннан кейін әуежай бір уақытта 7 ұшақты қабылдай алады. Сонымен қатар, теміржол вокзалы жөнделуде, Ағыбай батыр көшесі абаттандырылып жатыр. Биылғы жылы 18 көшенің жолы жөнделеді, 94 көпқабатты үйдің қасбеті мен шатырлары ретке келтіріледі. Тұрғындардың өтініші бойынша 20 аялдама ауыстырылады. Қалада көгалдандыру жалғасуда, қазірдің өзінде 6 мыңға жуық ағаш отырғызылып, көгалдар егілуде. Мен барлық жерде автоматты суаруды орнатуды тапсырдым. Коммуналдық жүйелерді жөндеуді жалғастырамыз. Биыл 23 шақырым су құбыры мен 20 шақырым жылу желісін ауыстырамыз. Сапар соңында туризмді дамыту бойынша кеңесті өткіздім. Балқаш тұрғындар мен қонақтар үшін таза, жасыл, жайлы орталыққа айналуы керек» делінген облыс әкімінің жазбасында.

● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Ауыл естелікпен емес, ертеңмен өмір сүреді

Ауылдың шетінен басталған құрылыс, дала төсінде иілген егін, жасыл желек пен жаңарған жол – бәрі бір тінмен өрілген серпілістің белгісі. Қаңырап тұрған ғимараттар енді – дәрігерлерге баспана, құлазыған алқаптар – үміттің дәні себілген егістікке айналды. Ауылдағылар енді тек естелікпен емес, ертеңмен өмір сүргісі келеді. Бұл өзгерістердің басында – халықпен ашық жүздесіп, әр ұсынысқа құлақ түрген облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев тұр. Нұра жаңғыру үстінде. Кеше армандаған дүниелер – бүгін нақты жоспар, ертең – жүзеге асатын мүмкіндік.



Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дән себілген далада үміт те бүр жарды

Өңірге арнайы жұмыс сапарымен келген облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев егіс алқаптарын аралап, шаруалардың тыныс-тіршілігімен танысты. Агрономдармен, жас фермерлермен тілдесіп, биылғы жылдың бағыты мен мүмкіндіктерін бірлесе саралады.

Көктеммен бірге жаңарып, түлеген Нұраның кең даласы тағы бір берекелі маусымға кірісті. Қарағанды облысының ең ірі аграрлық өңірлерінің бірі биыл 342 мың гектар алқапқа егін себуді жоспарлап отыр. Бұл – былтырғыдан 18 мың гектарға артық. Дән себудің жаңа кезеңін Нұра өзіне тән қоңыр тірлікпен, бірақ, үлкен жоспармен қарсы алды.

Ауылдағы шаруаның күнкөрісі де, үміті де – жерден. Мәселен, Кенжарық ауылдық округіндегі «Отқанжар» ЖШС-де ата-баба дәстүрін жаңғыртып, құйрықты қой өсірумен айналысады. Ал, «Байтуған» қожалығы – ауыл жұртының қажетіне жарап жүрген шағын, іргелі шаруа. Олар жыл санап суармалы жерлерді көбейтіп келеді.

– Бірінші жаңбырлатқыш құрылғыны былтыр алдық. Енді бес стационарлық машина қосылып, жұмыс қыза түсті. Жоңышқа егіп, төрт рет шабындық алуды көздеп отырмыз. Бидай да ектік. Бұл – өнімділікті бірнеше есеге арттырады. Бір гектардан 60-70 центнерге дейін өнім алғымыз келеді, – дейді «Байтуған» ҚСШҚ басқарушысы Константин Приб.

Жердің әр түйірі – еңбек, әр дәні – үміт. Бұл маусым Нұра үшін өнім көлемін ғана емес, сапасын да арттырудың мүмкіндігіне айналмақ. Әсіресе суармалы егіншілікке бет бұру – уақыт талабынан туған шешім.

Ауданға сапары барысында облыс әкімі саланы мемлекеттік қолдау тетіктеріне де назар аударып, фермерлердің ұсыныстарын тыңдады. Асыл тұқымды мал көрмесі ұйымдастырылып, аграрлық әлеуеттің ауқымы айқындалды.

– Біз Нұрадағы көктемгі дала жұмыстарын көрдік, фермерлермен кездестік. Суармалы егіншілікті ұлғайту көзделіп отыр. Жас фермерлер белсенді, жоспарлары нақты. Біз олардың жанынан табыламыз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Егінмен бірге елдің жолы да жаңаруы тиіс. Аудан жұртшылығы көптен күткен «Жараспай – Нұра» бағытындағы тасжолдың жөндеу жұмыстары биыл басталмақ. Қазір тиісті құжаттар сараптамада. Сондай-ақ, аймақ басшысы республикалық маңызы бар «Астана – Қабанбай батыр – Нұра – Теміртау» жолының Көбетей тұсындағы учаскесін аралап, мердігерлерден нақты жұмыс кестесін сұрады.

«ҚазАвтоЖол» өкілдері ресайклингтен соң асфальт төселетінін, ал, жоба биыл толық аяқталуы тиіс екенін жеткізді. Облыс әкімі болса, басты талап – жол сапасы екенін қадап айтты. Себебі, сапалы жол – ауылдың келешекке апарар нақты жолы.

Нұра биыл тек дән егіп қана жатқан жоқ. Ол – еңбек пен үміттің жаңаруын, даланың жаңғыруын күтіп жатқан шаңырақ.

Қаңыраған ғимараттан – қайырлы мекенге

Көптен бері қаңырап бос тұрған ғимарат енді дәрігерлерге жаңа үй болмақ. Нұра ауылында пайдаланылмай жатқан нысан бүгінде толықтай қайта жаңғырып жатыр. Көп ұзамай мұнда ақ халатты абзал жандар үшін 14 қызметтік пәтер дайын болады. Бұл – жас мамандарды ауылға тартуға, сондай-ақ ауданға қажетті кадр мәселесін шешуге жасалған нақты қадам.

Қайта құру жұмыстары облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың Нұра ауданына сапары кезінде көрсетілді. Ғимарат шатыры жаңарып, инженерлік жүйелері түгел ауыстырылып, ішкі әрлеу жұмыстары қарқын алған. Болашақ пәтерлер жиһазбен және тұрмыстық техникамен жабдықталады, орталық жылыту жүйесі тартылады, ауласы абаттандырылады. Жай ғана баспана емес – толық өмір сүруге дайын кеңістік пайда болмақ.

Бұл – аудандағы денсаулық сақтау саласындағы жалғыз жаңалық емес. Ұлттық «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы аясында Нұрада 10 жаңа медициналық нысан бой көтеруде. Соның бірі – Ізенді ауылындағы фельдшерлік-акушерлік пункт (ФАП). Бұл нысанның құрылысы ауыл тұрғындарының

талай жылғы үмітін ақтамақ.

Нұрада тек медицина емес, басқа да инфрақұрылым жаңарып жатыр. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының арқасында Ізенді-де су құбыры тартылып, жолдар жөнделсе, Қайнар ауылында тасжол ретке келтірілді. Аудан орталығында жаңа Өнер үйі бой көтеріп, құрылысы мәреге жақындап қалды.

Бұл күні облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Nura Nomad Next балалар этнолагерін де аралап көрді. Биыл алғаш рет есік ашатын лагерь 250 баланы қабылдамақ. Ерекшелігі сол – балалар киіз үйлерде тұрып, көшпенділер өмірімен етене танысады. Қазақтың көнеден келе жатқан салт-дәстүрі мен рухани мұрасын ұрпақтың жүрегіне ұялатуға бағытталған бастама – ауданның жаңа рухани тынысына айналғалы тұр.

Ауыл үніне құлақ түрген күн

Бір жыл бұрын Нұра ауданына арнайы келген облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев биыл аудан халқымен қайта жүздесті. Ашық форматта өткен кездесуде атқарылған істер мен алдағы міндеттер талқыланды.

Басты назар – сапалы ауыз сумен қамту мәселесінде. Қазір ауданда орталықтандырылған сумен қамту көрсеткіші 95,7%-ға жеткен. Аққолқа, Бестамақ, Топаркөл ауылдарына блокты-модульді станциялар орнатылған. Биыл Жараспай, Құланөтпес және Қантай ауылдарына су жүйесі тартылып, көрсеткішті 100%-ға жеткізу жоспарланып отыр.

Ахметауыл тұрғындары республикалық трассаның жарықтандырылуын сұрап, бұл мәселе облыс басшысының бақылауына алынды. Сонымен қатар, «Жараспай – Нұра» жолы жөнделеді.

Сапар барысында әкім Ізендідегі жаңа фельдшерлік-акушерлік пункттің құрылысын көрді. Биыл облыста 60-қа жуық денсаулық сақтау нысаны іске қосылмақ. Сондай-ақ, Нұрада Отбасын қолдау орталығы ашылып, тұрғындарға тегін психологиялық және заңгерлік көмек көрсетіледі.

Кездесуде ардагерлер жайылым тапшылығын көтерді. Мемлекет пайдаланылмай жатқан жерлерді қайтарып, тиімді бөлу жұмыстарын қолға алған.

Сапар соңында Ермағанбет Бөлекпаев тұрғындарды жеке қабылдап, көтерілген мәселелерге нақты жауап берді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТА

Арқа төріндегі алқалы жиын

Қарағандыға еліміздің әр қаласынан келген мәслихат төрағалары жиналып, жергілікті өкілді органдардың алдында тұрған өзекті сын-қатерлер мен ортақ міндеттерді талқылады.

Пікір әрі тәжірибе алмасудың нәтижелі алаңындағы «Жергілікті өкілді органның рөлі мен міндеттері» тақырыбындағы семинар-кеңесінде Атырау, Павлодар, Көкшетау, Петропавл, Қостанай, Орал, Семей, Жезқазған, Қаражал, Тараз, Талдықорған, Қызылорда қалаларының мәслихат төрағалары пікірлерін ортаға салды. Халықпен өзара іс-қимылдың тиімді моделін құру мәселелеріне баса назар аударылды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Мәслихаттардың рөлі мен міндеттері туралы мәселелерді бірлесіп талқылау мүмкіндігі туғаны қуантады. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайдың төртінші отырысында және барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының екінші республикалық форумында айтты. Мемлекет басшысы жергілікті жерлердегі демократияның негізгі институттары ретінде мәслихаттардың рөлін күшейтудің маңыздылығын, өңірлердің дамуы үшін жауапкершілікті және депутаттардың құзыреттілігін арттыру қажеттігін бірнеше рет атап өтті. Біздің азаматтарымыздың өмір сүру сапасы, инфрақұрылымды дамыту, әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру және жергілікті жерлерде қабылданған реформаларды одан әрі іске асыру мәслихаттар жұмысының тиімділігіне байланысты. Сонымен қатар, бүгін біздің алдымызда жаңа сын-қатерлер мен міндеттер тұр. Қарқынды өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жағдайлар жағдайында бізге қол жеткен нәтижелерді сақтап, жергілікті өзін-өзі басқару институттарын белсенді дамыту қажет, – деп атап өтті облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов.

Кеңеске қатысушылар қоғамдық диалог тетіктерін дамыту арқылы жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуде азаматтардың қатысу деңгейін көтеру маңызды екенін атады. Сондай-ақ, халықтың сенімін арттыру үшін мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету күн тәртібінде екеніне тоқталды. Бұл орайда қолайлы инвестициялық жағдайлар жасауда өңірлерді дамытудың ұлттық жобалары мен бағдарламаларын іске асыру әрі қоғамды жалпыұлттық құндылықтар төңірегінде шоғырландыру маңызды екені де айтылды.

Бұл орайда мәслихаттардың міндеті – тиімді жоспарлауды қамтамасыз етуден бастап, халықтың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін шешімдердің іске асырылуын бақылауға дейін ұйымдастыру екені талқыланды.

Экономика басқармасы басшысының орынбасары Гүлмира Әбішева Қарағанды агломерациясында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға арналған таныстырылым өткізді. Бұл қатысушыларға іске асырылып жатқан жобалар туралы өзекті ақпарат алуға мүмкіндік берді. Азаматтардың мүдделерін әрі аумақтарды дамыту мәселелерін шешетін өкілді органдар жайлы атап өтті.

Гүлмира Әбішеваның айтуынша, облыс бойынша жергілікті өзін-өзі басқаруды іске асыру бөлігінде 164 кент әкімдігі жұмыс істейді. Барлығында жергілікті қоғамдастықтар жиналыстарының дербес бюджеттері мен регламенттері бекітілген. Мәселен 2024 жылдың қорытындысы бойынша облыста 54 ауылдық округтер мен кенттерде сайлау өтті. 54 әкімнің 48-ін «Amanat» партиясы ұсынса, 6-уы өзін-өзі ұсынған. Осы орайда облыс бойынша сайланған әкімдердің орташа жасы – 46 жас.

Ал, сайланған 54 әкімнің 45-і – ерлер, 9-ы – әйелдер. Бұл ретте сайланған әкімдердің 17-сі бұрын ауылдық округтің әкімі қызметін атқарған, яғни, жаңадан сайланған, ал, 37-сі алғаш рет сайланған.

– Жергілікті өзін-өзі басқару органдары даму бағдарламаларын іске асырып, инвестициялық ахуалды жақсартуда және бюджеттік саясаттың тиімділігін арттыруда шешуші рөл атқарады. Қарағанды агломерациясы Үкімет бекіткен екінші деңгейдегі агломерациялар тізбесіне енді. Бүгінде жергілікті өкілді органдардың, өкілдері шешім қабылдауға белсенді қатысады. Ауылдарды дамытуда, әсіресе, абаттандыруға, көгалдандыруға, тротуарларды жөндеуге бастамашылық жасайды, – деді Гүлмира Әбішева.

Облыс бойынша жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасына қолжетімділігі толық қамтамасыз етілген. Осы мақсатта облыс өңірлерінде халыққа арналған 39 коворкинг-орталық жұмыс істеп тұр. Мұнда іскерлік кездесулер мен түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады, электрондық мемлекеттік қызметтерді (38 орталық, 1 жастар үйі) алуға болады.

Өткен жылы сондай-ақ, өзін-өзі басқару даму бағдарламасын жас буынға түсіндіру мақсатында облыстың 364 мектебінде 2024-2025 оқу жылына арналған мектеп парламенттерінің президенттігіне сайлау өтіп, оған 89 872 оқушы қатысқан. Бүгінгі таңда мектептерде 364 президент және 2 912 фракция мүшелері жұмыс істейді.

Кездесудің еркін форматында депутаттар пікірлерін ортаға салып, ойларымен бөлісті. Қызылорда қалалық мәслихатының төрағасы Ибадулла Құттықожаев жұмыс тәжірибесімен бөлісіп, аймақтарды дамытуда депутаттардың бастамасымен атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

– Өзін-өзі басқару органдары халықпен бірлесе отырып, көптеген мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады. Мәслихат депутаттарының басты міндеті – бюджеттегі қаржының мейлінше тиімді және мақсатты пайдалануын қамтамасыз ету, халықтың әлеуметтік жағдайының одан әрі төмендеуіне жол бермеу, жергілікті жерлерде орын алған көптеген проблемаларды қолдан келгенше шешуге тырысу.

Қазір жергілікті мәслихаттар қоғамды демократияландыру жүйесінде халықтық биліктің негізгі формаларын қалыптастырған жергілікті өзін-өзі басқарудағы маңызды органға айналды. Депутаттардың ықпалымен шешімін тапқан көптеген мәселе бар. Қазіргі депутаттар жұртшылықпен байланысқа ашық, қоғамдық диалог орнатуға ынталы, адамдардың мұң-мұқтажына жедел назар аударып келеді деуге толық негіз бар, – деді Ибадулла Құттықожаев.

Сондай-ақ, әр аймақтан келген депутаттар сөз алып, жергілікті халықтың әл-ауқатына қатысты мәселелерде әрбір депутат өздерінің өзекті мәселелерін атқарушы органдар жетекшілеріне ашық қойып, сессия отырыстары тартысты өткізілетінін жеткізді.

– Сіздердің қызметеріңіз – әр аймақтың табысты болашағының кепілі. Сондықтан, барлық айтылған ұсынымдар хаттамаға енгізіліп, тиісті ұсыныстар Парламентке жіберіледі. Мәслихаттардың болашақтағы рөлі тек нығайып, арта түсетініне сенімдімін. Біз жергілікті өкілді органдардың өңірлерді дамыту мен басқаруға неғұрлым белсенді қатысуы үшін бірлескен күш-жігермен жағдай жасауымыз қажет. Осылайша қалалар мен ауылдардың тұрақты дамуын қамтамасыз етіп, әрбір тұрғынның әл-ауқаты мен гүлденуі үшін берік негіз жасай аламыз, – деді Нұркен Кобжанов.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Нұра даласындағы сүт бұлағы

Көбетейдің көкжиегінде жаңа тыныс пайда болды. Нұра ауданында 1100 басқа арналған заманауи сүт-тауар фермасы ашылды. Бұл – жай ғана ферма емес, ауылдың жүрегіне жан бітіретін, тіршілігін тірілтетін ірі нысан. Жаңа жоба – бір жағынан ауыл шаруашылығындағы технологиялық серпіліс болса, екінші жағынан, туған жерінен ажырамауға бекінген жастарға берілген сенімді серт.

Ауыл – ел бесігі

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ферма – еуропалық стандартқа сай. Іші-сырты түгел жаңғырған, «ақылды» жүйелермен жабдықталған. Сауу процесінен бастап, жемшөп дайындауға дейін автоматтандырылған. Тіпті, сиырлардың жайлылығы үшін ауа райын бақылайтын климат-бақылау жүйесі де іске қосылған. Мұның бәрі өнім сапасын емес, адам мен табиғат арасындағы үйлесімді қамтамасыз етуге бағытталғандай.

Жобаның өмірге келуіне бастамашы болған – «Рамадан МФ» ЖШС мен «Черниговское и К» серіктестігі. Бірі – шаруаның қамын ойласа, екіншісі – өңір болашағына сеніп, қомақты инвестиция салған. Қазірдің өзінде фермада голштин тұқымды сиырлардың алғашқы партиясы жайғасыпты. Бұл – әлемдегі ең сүтті тұқымның бірі. Жылына 9 мың тонна өнім беру көзделген. Бұл межеге келесі жылы толық жетпек.

Салтанатты ашылу рәсіміне облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев арнайы келіп, ауыл халқымен бірге қуанышқа ортақтасты.

– Мұндай ферма – тек өндіріс емес. Бұл – ауылдың болашағына салынған инвестиция. Мұнда 60-қа жуық адам жұмыс істейді. Ал, жұмыс бар жерде – өмір бар. Жастардың ауылда қалуына, отбасын құрып, үйренген жерінде тұрақтауына осындай жобалар себеп болады. Сондықтан, мұны ауыл экономикасының жаңа дәуірі деуге толық негіз бар, – деді аймақ басшысы.

Жоба құрылысы былтыр басталған. Бар болғаны бір жылдың ішінде Көбетейдегі бос жатқан алқап – бүгін нағыз өндірістік орталыққа айналды. Мал шаруашылығын дамыту жөніндегі директордың орынбасары Арман Нұржанов:

– Голштин тұқымын таңдадық. Сапасы сын көтереді. Инфрақұрылым толық дайын. Жемшөп базасы жасалды. Барлық технология – еуропалық деңгейде. Енді тек нәтижелі еңбек ету қалды, – дейді.

Ферма тек табысты емес, табанды жобалардың бірі болмақ. Мұны ауыл ақсақалдары да қуана құптады. Нұра мен Қарағандының Құрметті азаматы Георгий Прокоп:

– Бұрын бүкіл аудан тәулігіне 27 тонна сүт тапсыратын. Енді бұл көрсеткішті жалғыз ферма бере алады. Бұл – дамудың дауысы. Ең бастысы – бәрі бір алаңда шоғырланған. Азық та, өндіріс те, жұмыс күші де осында. Бұл дегеніміз – нағыз әлеуметтік жауапкершілік, – дейді.

Ауыл өмірі қайта серпілсе, дала да мейірленіп, адам да үміттенеді. Көбетейдің бұл жаңа бетбұрысы – Нұра топырағындағы болашақтың нышаны іспетті.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● КӨРМЕ

Өңірді өндіріс өсіреді

Өндірістің бағасы – нарықта. Осы орайда Астанада өтіп жатқан Ulttyq ónim көрмесі – еліміздің түпкір-түпкіріндегі кәсіпорындарға өз әлеуетін паш етіп, өнімін көрсететін үлкен мүмкіндік. Қарағандыдан барған өндірушілер де елордалық жұртшылыққа жаңалығын ұсынды, жаңаша байланыс орнатты.

350-ден астам компания бас қосқан бұл көрме – жай көрме емес. Бұл – еңбек пен идеяның, технология мен табандылықтың шеруі. Қарағандылық кәсіпкерлердің арасында матрас шығаратын «Фламинго» ЖШС, тұрмыстық химиямен танылған «WEC», шай мен дәмдеуішті шебер әзірлейтін «Malu», «Natige» фабрикасы, алюминий өндірісіндегі «KazPromAluminum» секілді танымал компаниялар бар. Одан бөлек, аяқ киім өндірісі мен арнайы киім тігуде тәжірибесі бар «Қарағанды аяқ киім фабрикасы» мен «Bizdin forma» да өнімдерін көпшілікке ұсынып отыр.

Көрменің тағы бір ерекшелігі – бұл жерде келісім жасалып, келешек жобаларға негіз қаланады. Қатысушылар жаңа серіктестер табуда, шеберлік сабақтарына қатысуда, сарапшылармен пікір алмасып, тәжірибе толтыруда.

Кәсіпкерлердің айтуынша, мұндай мүмкіндіктердің түп-төркіні – мемлекеттік қолдауда жатыр. Қарағанды облысында жыл басынан бері екі мыңға жуық жоба «Даму» қоры арқылы қолдауға ие болған. Оның ішінде пайыздық мөлшерлемені субсидиялау мен несиеге кепілдік беру – ең тиімді құрал саналады. Облыстың кәсіпкерлік басқармасы бұл бағытта «Кәсіпкер» өңірлік бағдарламасын да қолға алған. Қазірдің өзінде бұл бағдарлама талай іске қанат бітіріп отыр.

Ulttyq ónim – өнімді ғана емес, өнегені де ұсынатын алаң. Бұл көрме – қарағандылық кәсіпкерлердің нарыққа сенімді қадаммен шығуына мүмкіндік беретін тағы бір белес. Өндіріс бар жерде – өріс бар. Ал, сол өріске жол салған кәсіп иелерінің еңбегі – ел мерейі.

Өз тілшіміздің

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• АКЦИЯ

«Отан отбасынан басталады»

Халықаралық отбасы күніне орай Қарағанды облысында әртүрлі форматтағы 100-ден астам іс-шара өткізілді. Оның ішінде, «Отбасы ағашы» ағаш отырғызу акциясының мәні ерекше. Акция – мерекенің бастауы ретінде ұйымдастырылды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Акция Қарағанды облысының Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының ұйымдастыруымен жүзеге асты. Акцияға «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауына қатысушы отбасылар, көпбалалы аналар мен әкелер, этномәдени бірлестік жетекшілері, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, мәслихат депутаттары, үкіметтік емес ұйым өкілдері, еріктілер мен басқа да белсенді азаматтар атсалысты.

Бұл күні Таугүл шағын ауданындағы жаңа алаңға 100 шақты көшет отырғызылды. Жас көшеттер қаланың ажарын келтіріп қана қоймай, отбасы байланысының беріктігі мен бірлігінің символына айналады. Алдағы уақытта осындай акциялар қала және аудан деңгейінде де өткізілетін болады.

Мереке аясында отбасылық құндылықтарды қолдау мен насихаттауға бағытталған тақырыптық кездесулер, қайырымдылық акциялары, мәдени бағдарламалар, спорттық жарыстар, шеберлік сабақтары, көрмелер мен білім беру бастамаларын ұйымдастыру жоспарланған.

Айзат Қалымжанова – алты баланы тәрбиелеуге алған патронат ана. Оның айтуынша, отбасының негізі – түсіністікте.

– Отбасымызда өз балаларымнан бөлек тәрбиелеуге алған балаларымыз бар. Ортақ тіл табысып, бәріне бірдей қараймыз. Түсіністік пен сыйластық болса, еш мәселе болмайды деп ойлаймын. Акцияға қатысып, отбасымызбен ағаш ектік. Көшет те отбасы секілді мейірім мен қамқорлықты қажет етеді. Осы бір ерекше мерекемен барлық қарағандылықтарды құттықтаймын, – деді ол.

Шаһар шекарасынан бұрын ой шекарасы өзгерді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бас жоспар жаңа құрылыс орындарын белгілеумен қатар, нақты әлеуметтік қажеттіліктерді де назарға алған. Мысалы, Оңтүстік-Шығыста медициналық және университеттік кластерлер құрылады. Бұл – тек ғимараттар ғана емес, жаңа жұмыс орындары, білікті мамандардың шоғырлануы, және, ең бастысы, сапалы қызметке қолжетімділік.

Басты мақсат – қала тұрғындарының бірдей жағдай мен тең мүмкіндікке ие болуы. Әр аумақтың өз бет-бейнесін сақтай отырып, қаланы біртұтас, үйлесімді кеңістікке айналдыру. Бұл – Қарағандының жаңаша тынысы.



Құпиясыз құжаттар, ашық пікір

Қала – ортақ үйіміз. Ал, сол үйдің болашағын айқындайтын басты құжат – Бас жоспар. Биыл Қарағанды қаласының стратегиялық экологиялық бағалауы (СЭБ) алғаш рет толық көлемде ашық жарияланып отыр. Бұрынғыдай «жасырын» қосымшалар жоқ. Әр тұрғын қалада не, қайда және қашан өзгеретінін алдын ала біліп, бағалай алады.

– Біз енді «жасырын» қосымшалар дәуірінен алыстадық. Енді кез келген тұрғын алдағы тексерудің қайда болатынын, жел мен инсоляцияның қалай өзгеретінін көре алады, – деді қала әкімінің орынбасары Қайрат Қамзин қоғамдық тыңдауда сөйлеген сөзінде.

Жаңа Бас жоспар аясында тек жоспар емес, нақты қадамдар қарастырылған. Мысалы, ЖЭО-3 алаңында жаңа қуатты қазандық салынады, ЖЭО-1-ге экологиялық жағынан тиімді жабдықтар орнатылады. Газдандыру жұмыстары да жалғасын табады – 28 мыңнан астам жаңа абонент қосылады деп күтілуде.

Достық үйіндегі тыңдау жай басқосу емес, ашық диалог алаңы болды. Тұрғындар, әкімдік, сарапшылар – бәрі бір үстел басына жиналып, қала болашағы туралы ой бөлісті. Қайрат Қамзин атап өткендей, мұндай кездесулер заң талабы ғана емес, шынайы халықпен жұмыс істеудің белгісі.

Бас жоспар бойынша дайындалған барлық материалдар – шығарындыларды есептеу, шулы карталар, ұсыныстар жинағы – әкімдіктің, табиғи ресурстар басқармасының және мамандандырылған порталдардың сайттарына алдын ала жарияланған. Бұл – әрбір азаматтың құжатпен танысып, сындарлы ұсыныс айтуына жол ашты.

Нәтижесінде, тыңдауға бір ай қалғанда-ақ қала тұрғындарынан 50-ден астам ұсыныс пен ескерту түсті. Ең көп қозғалған мәселелердің бірі – Ерубаев көшесіндегі терек буферін сақтау және жүк көлігі тұрағын қала сыртына шығару. Бұл – қарапайым адамдардың жанашырлығы мен қатысуға деген дайындығының көрінісі.

Кездесуде айтылған барлық пікірлер мен ұсыныстар қорытынды хаттамаға енгізіледі. Әкімдік уәде еткеніндей, бұл ұсыныстар қағаз жүзінде қалмай, жобаға нақты өзгерістер ретінде енгізіледі.

Бас жоспардың ашық түрде таныстырылуы – Қарағандының басқару мәдениетінде жаңа кезеңнің басталғанының белгісі. Қалада не болып жатқанын тек шенеунік емес, қарапайым тұрғын да білуі керек. Себебі бұл – бәріміз бірге тұратын, бірге дем алатын ортақ кеңістік. Ал, ондағы шешім – баршамыздың даусымызбен қабылданса, оның салмағы да, шынайылығы да арта түспек.

Көлік – тек қозғалыс емес, өмір сапасы

Қала тіршілігі – қозғалыспен, ал, қозғалыс – көлікпен өлшенеді. Қарағанды алғаш рет жаңа көлік мәдениетіне қадам баспақ. Жоғары жылдамдықты BRT (Bus Rapid Transit) жүйесі енгізіледі. Бұл – қаладағы шалғай аудандар мен орталық арасындағы байланысты күшейтіп, күнделікті кептелістерді сейілтетін жаңашыл қадам. Сарапшылардың есебі бойынша, жаңа жүйе кей бағыттарда жол жүру уақытын 25 минутқа дейін қысқартады.

Қалалық әкімдік те алдағы жоспарлармен бөлісті. Қарағандыда мультимодальды көлік жүйесі құрылмақ. Бұл жүйе жеңіл рельсті пойыздарды, жүрдек автобустарды, веложолдар мен самокат жолдарын бір арнаға тоғыстырады. Яғни, қаладағы қозғалыс бірізденіп, тұрғындарға таңдау еркіндігі мен ыңғайлылық ұсынылады.

Жаңа Бас жоспар аясында велосипед пен самокат енді жай спорттық құрал емес, толыққанды көлік ретінде қарастырылуда. Сондықтан да, қалада веложолдардың кеңейтілген, тармақталған жүйесі салынады. Бұл – таза ауа, қауіпсіз қозғалыс, саламатты өмір салтына жасалған нақты қадам.

Қаланың тынысын ашатын тағы бір маңызды жоба – Батыс айналма жолының құрылысы. Бұл жол қала арқылы өтетін транзиттік жүк көліктерінің ағынын сыртқа шығарып, ішкі көлік қысымын азайтады. Әрі қауіпсіздікке, әрі экологияға оң әсер етеді.

Экология демекші, Бас жоспар көлікпен ғана шектелмейді. Ол – тұтас бір экологиялық жүйені қайта ойлаудың жобасы. Қаланы газдандыру жұмыстары жалғасады. ЖЭО-1 мен ЖЭО-3 жылу орталықтары жаңғыртылып, зиянды шығарындылардың мөлшері айтарлықтай азаймақ. Өндіріс орындарына да ең үздік қолжетімді технологияларды енгізу жоспарланған.

Қалаға «экологиялық тірек құрылымы» қажет – бұл жасыл аймақтардың көлемін ұлғайтуды көздейтін кешенді бастама. Әкімдіктің дерегі бойынша, қазіргі таңда жасыл аймақ көлемі 7,2 мың гектарға жетсе, 2040 жылға қарай бұл көрсеткіш 35%-ға ұлғаймақ. Әр тұрғынға шаққандағы жасыл аумақ үлесі – 9,8 м²-ден 18,6 м²-ге дейін өседі.

– Біз өтемақы есебінен жыл сайын кемінде 2 мың ағаш отырғызуды жоспарлап отырмыз, – дейді қала әкімдігі. Қуантарлығы, кез келген ағашты кесу үшін енді фитопатологтың қорытындысы қажет. Тұрғындар бұл туралы кемінде бір апта бұрын хабардар етілуі тиіс.

Көгалдандырумен қатар, ауа мен судың сапасын нақты уақыт режимінде бақылайтын экологиялық мониторинг жүйесі іске қосылады. Бұл жүйе – қала экологиясының «жанды барометрі» іспетті.

Қалдық мәселесі де назардан тыс қалмаған. Қалада сұрыптау орталықтары, заманауи қоқыс жағу зауыты салынады. Қалдықты басқарудың жаңа технологиялары енгізіледі. Бұл – тек санитарлық мәселе ғана емес, денсаулық пен қауіпсіздік кепілі.

Сумен жұмыс – бұл тек ауызсу туралы емес. Жаңбыр мен еріген суды жинап, тазартып, коммуналдық және өндірістік мақсатта қайта пайдалану – Бас жоспардың тағы бір өзекті тармағы. Бұл – суды құрметтеудің, ресурсты үнемдеудің, болашаққа қам жасаудың белгісі.

Бір қадам – бүтін болашаққа

Қоғамдық тыңдаудың қорытындысы ретінде қатысушылардың басым бөлігі ұсынылған түзетулер жобасын қолдады. Қайрат Қамзин барлық конструктивті пікірлер ескеріліп, тиісті органдарға жолданатынын атап өтті. Бұл тыңдау – Қарағандының болашағына қатысты маңызды шешімдерде тұрғындардың үнінің бар екенін көрсеткен тағы бір қадам болды. Тыңдаудың қорытындысында жиналғандар Бас жоспар жобасын қолдайтынын білдірді. Қалаға бағыт беретін құжат енді тек жоспар емес. Ол – Қарағандының болашаққа жасаған алғашқы нақты қадамы.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ЖАСТАР САЯСАТЫ

Ақыл жастан шығады

1 маусымда Президенттік жастар кадр резервіне кезекті іріктеу басталады. Бұл – дарынды, бастамашыл, кәсіби білікті жастарды мемлекеттік басқару жүйесіне тартуға бағытталған маңызды жоба. Бұған дейін 2019, 2021 және 2023 жылдары өткен іріктеулер нәтижесінде резервке 400 адам қабылданды. Бүгінде олардың 318-і жауапты қызметтерге тағайындалып, экономиканың түрлі салаларында еліміздің дамуына өз үлестерін қосуда.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің хабарлауынша, биылғы іріктеудің басты ерекшелігі – әр бағыт бойынша кандидаттардың біркелкі санын қамтамасыз ету мақсатында әрбір кезеңде пропорционалды іріктеу өткізу. Резервтің әр салалық бағытына квоталар қарастырылып, іріктеу сол салалық бағыт бойынша ғана жүргізілмек. Бұл әдіс салалар арасындағы теңгерімді қамтамасыз етіп, нақты бағыттар бойынша үміткерлерді іріктеуді қамтамасыз етеді. Іріктеу мемлекеттік аппараттың салалық кадрларға қажеттілігін ескере отырып, негізгі алты сала бойынша жүргізіледі. Кандидат тіркелу кезінде көрсетілген салалық бағыттардың бірін таңдауы қажет.

Үміткерлерге қойылатын талаптар өзгеріссіз. Іріктеуге жасы 35-тен аспаған, жоғары білімі және 5 жыл жалпы жұмыс тәжірибесі бар, мемлекеттік тілді В1 деңгейінен төмен емес меңгерген Қазақстан Республикасының азаматы қатыса алады.

Құжаттарды қабылдау – 1-30 маусым аралығында pkrezerv.gov.kz ресми платформасында онлайн режимде жүзеге асырылады.

Өз тілшімізден

• ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Аутизм туралы ашық әңгіме

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайдың IV отырысында әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтардың мәселесіне тоқталып, аутизмге шалдыққан балаларды оңалту орталықтарын құрып, осындай балаларға жанжақты қолдау көрсету ісін реттейтін жаңа заң әзірлеуді тапсырды. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында аймақта осы мәселеге арналған дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шараны ұйымдастырушы Қазақстан халық партиясы өкілдері басты мақсат ерекше қажеттілігі бар балалардың жағдайын шынайы саралау арқылы тиісті шешімдер қабылдау екенін жеткізді.

– Президентіміздің ерекше балаларға жағдай жасау туралы берген тапсырмасын орындау үшін партияның орталық аппараты жанынан кеңес құрылған болатын. Оған балалар құқығымен айналысатын ұйымдардың өкілдері сарапшы ретінде кірді. Мамандармен бірлесіп ерекше балаларды дамытуға қатысты аймақтардағы кемшілік пен жетістікті саралап, Президент айтқан жаңа заңға өзіміздің нақты ұсыныстарымызды енгізу – жоспарымыз. Сол үшін осы мәселені жан-жақты зерттеуді қолға алдық, – дейді партияның орталық аппараты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Нұрдәулет Оразханов.

Оның айтуынша, партияның мұның алдында білдірген бірқатар ұсыныстары жүзеге асқан.

Дөңгелек үстелде облыстық білім басқармасының бөлім басшысы Гүлдана Нұрсұлтан келтірген дерегіне сүйенсек, облыста ерекше білім беру қажеттіліктері бар 19 886 бала бар. Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау мен ерте түзетумен 17 043 бала қамтылған. Маманның айтуынша, жыл сайын аутистік спектрдің бұзылыстары бар балалар саны артып келеді.

– Бүгінгі таңда психологиялық-медико педагогикалық кеңес деректері бойынша облыста аутистік спектрдің бұзылыстары бар 1 358 бала тіркелген. 2022 жылдан бастап Қарағанды облысының білім басқармасына қарасты «Аутизмі бар балаларды қолдау орталығы» жұмыс істейді және жыл сайын шамамен 600 балаға қызмет көрсетеді. Сонымен қатар, облыста он арнайы мектеп-интернат, үш арнайы балабақша, алты психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес, он психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, екі оңалту орталығы, сонымен бірге, аутизмі бар балаларды қолдау орталығы жұмыс істейді. 2025 жылы Бұқар жырау ауданында түзету кабинетін ашу жоспары бар, – деді Гүлдана Ерболатқызы.

Облыс әкімінің мүгедектігі бар адамдардың мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі Нияз Сүндеталив мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамтуда бірқатар мәселелер бар екенін алға тартты.

– Ең әуелі қолданыстағы қолдау шараларын талдау керек. Қажет болса, бағдарламаларды бейімдеген дұрыс. Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыруда квотаны орындамайтын кәсіпорындардан компансациялық төлемдер алып, оны квотаны орындап отырған кәсіпорындарды ынталандыру ретінде жолдау керек, – деп атап өтті ол.

Бірқатар арнаулы мекемелер мен орталықтарды аралап шыққан сарапшылар аймақта ерекше қабілетті балалар үшін жағдай жасалғанын атап өтті. Ұйымдастырушылар осындай шараларды еліміздің барлық өңірлерде ұйымдастырылатынын айтты. Бұған дейін мұндай кездесу Көкшетау қаласында өтіпті.

Сурет ашық дереккөзден

• ҰБТ-2025

Тестілеу басталды

Кеше ел бойынша негізгі тестілеу басталды. Ол тестілеу 7 шілдеге дейін жалғасады. Талапкерлер негізгі ҰБТ-ны екі рет тапсырып, ең үздік нәтижемен грант конкурсына қатыса алады. Қатысушы тестілеу күнін, уақытын және пунктін өздері таңдайды. Олар екі мүмкіндік үшін де бейінді пәндердің бір ғана комбинациясын белгілеуі керек.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тестілеуге 216 мыңға жуық талапкер өтініш берген. Оның ішінде тапсырушылардың 75%-ы қазақ тілінде, 25%-ға жуығы орыс тілінде, 266 адам ағылшын тілінде тестілеуден өтуге өтініш білдіріпті.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің хабарлауынша, ҰБТ-ның бірінші күнінде 4 589 адам тестілеуден өткен. Ең көп таңдалған бейіндік пәндер комбинациясы ретінде бірнеше жыл қатарынан «Математика-Физика» болып отыр. Оны түлектердің 16,5%-ы таңдаған.

ҰБТ-дағы пәндердің саны өзгеріссіз қалады, яғни, үшеуі міндетті және екеуі таңдау бойынша. ҰБТ тапсырмалар саны – 120. Жоғары балл – 140. Тестілеу уақыты – 4 сағат (240 минут), ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қосымша 40 минут ұсынылады.

Шекті балдарда да өзгеріс жоқ. Талапкер «Құқық» және «Педагогикалық ғылымдар» бағыттарына түсу үшін кемінде 75 балл, «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» үшін кемінде 70 балл жинау қажет. Ұлттық жоғары оқу орындарына түсу үшін кемінде 65 балл, басқа жоғары оқу орындарына түсу үшін кемінде 50 балл жинау қажет.

Тігін фабрикасының тың тынысы

Одақ кезінде атағы дәуірлеген Абай тігін фабрикасы. Үш мың адамды жұмыспен қамтыған алып фабрика. Тоқырау жылдары тас-талқаны шығып, мүлкі меншіктің еншісінде кеткен қайран, іргелі өндіріс. Жиырма жыл бойы қараусыз қалып, қаусаған ғимарат. Соның бір бұрышына жан бітіріп, «ABAI» брендін қайта жарыққа шығарып жатқан Нұрхан Жұмабектің жанкештілігі, еңбегі елдің аузында жүр.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тоқырау зардабы

Осылайша, Абай тігін фабрикасының кеңес заманында дәуірі дүркіреген еді. Жылына ер мен әйелдің, баланың 2 млн дана киімін, төсек-орын жабдығы мен жұмыс киімін тігіп шығаратын бұл өндіріс орнында 3 мыңға жуық адам жұмыс істеген. Фабрика өнімдері елдің ішкі нарығын ғана қамтыған жоқ. Тегіс одақ елдеріне тоқтаусыз жөнелтілген еді. Тоқсаныншы жылдары тоқырауға ұшырап, жиырма жылдан аса есігі тарс жабылған 16 мың гектар ғимараттың қабырғасы ғана аман қалған.

2015 жылдан бері абайлық кәсіпкер Нұрхан Жұмабеков фабриканы оңалтып келеді. Мемлекеттің, Үкіметтің ешқандай көмегінсіз. Жеңіл өнеркәсіпті жетілдіруге көп бағдарламаның біреуі де қарайласпаған. Сонда да екінші деңгейлі банктің жылдық пайызына да қарамай, қарыз алып, фабриканың тамырына қайта қан жүгіртеді.

Сапа сұранысы

Қалыпқа келген 5,5 гектар. Қазір осы бір аумақта төрт түрлі цех, қойма және фабриканың дүкені бар. Жергілікті жерден 100-ге тарта жұмысшы осында нәпақа тауып отыр. Жұмыс барысы бір ізге салынған. Фабрика басшысы «бізге сан емес, сапа керек», дейді. Бірнеше тапсырыс беруші бағасын тиімді қылып, ал, өнімін арзан матамен тіге салуды өтініпті. Келісімшартты сол үшін сарт бұзып, сондай тапсырыстың бәрінен бас тартыпты. «Өйткені киімде «Абайдың» бренді тұрады, байырғы одаққа белгілі озық сапаны әрмен қарай жетілдіру міндеті оңай олжадан опа таппайды», – дейді.

– Матаның сапалы болуы – фабриканың ең бірінші талабы. Одан кейінгі шаруа да, жауапкершілік те бізге жүк. Шымкенттегі Қазақстанның ең ірі жеңіл өнеркәсібі AZALA кәсіпорнының өнімін кәдеге жаратып келеміз. AZALA тоқыма комбинаты – бұл біздің саланың негізі. Тоқыма комбинатында бәрі жақсы болса, тігін фабрикаларында бәрі ойдағыдай болады. Мұнымен қоса, сапалы маталардың түр-түрін Қытайдан да тікелей алдырамыз. Ешқандай делдалсыз. Оның өзі бізге үлкен олжа, – дейді фабрика басшысы.

Өнеркәсіп орны өңірдегі алпауыт компаниялардан, өндіріс ошақтарынан, жұмысшы ұйымдардан арнайы киімдерге тапсырыс алып отыр.

Білікті мамандар шоғыры

Осы тұста фабриканың дизайнер-конструкторы Деля Гриньге артылар жауапкершілік жоғары. Тігілер киімнің алғашқы нұсқасы, дизайны білікті маманның қолынан өтеді.

«Осыдан оншақты жыл бұрын Қарағандының сән колледжінде дизайнер мамандығы бойынша білім алдым. Дипломыммен бірнеше жерде жұмыс істеп, тәжірибе жинақтадым. Міне, осы тігін фабрикасына келгелі бес жыл болды. Жұмыс орным үйімнің қасында. Қалаға қатынамаймын. Және осы жерде жүріп, білімімді әрмен қарай жетілдірдім. Бізге үнемі ізденіс керек. Басшымыз арнайы киімнен көрі халық күнделікті киетін киім-кешектерді тігейік деп шешті. Қысқы күртеше, жазғы жейделердің түр-түрін әзірледік. Олардың түсі, қалтасы, түймесі, жалпы дизайны көз тартуы керек. Осының бәрін ақылдаса отырып, әзірлейміз, – дейді дизайнер Деля Валейуллиевна.

Тігінші Қамария Жәкенова – фабриканың ертеден келе жатқан қызметкері. Жасы жетпіске таяп қалса да, сүйікті ісінен қол үзгісі жоқ. Фабрика тоқырау жылдары жабылған соң қаладағы тігін цехында жұмыс істепті. Қайта ашылғанын естіп, бірден осында келіпті. Көп жылғы еңбегі еленіп, былтыр Президенттің Жарлығымен III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен марапатталды.

– Қандай қуаныш?! Өмір бойы осында еңбек етіп, жабылып қалғанда, жанымыз ауырған еді. Енді міне, қайта өркендеп жатыр. Бұл өнір экономикасына үлкен үлес қосып отыр. Абай қаласының іс тігетіндерінің бәрі осы жерден жұмыс тауыпты. Жалақысы мардымды. Біз киімнің жаңа нұсқасын алғаш тігіп көреміз. Негізгі міндетіміз сол. Егер, кемкетік жері болса, бірден конструкторға айтамыз. Қайта пішіп, тігіп, үлкен цехқа үлгімізді ұсынамыз, – дейді Қамария Абайқызы.

Фабриканың «еңбек етемін» дегендерге есігі әрдайым ашық. Мысалға, Ерқайрат Қоянбаев жазасын түзеу мекемесінен өтеп шыққан күні фабриканың тігінші іздеп жатқанын біліп, осында келген. Ертеңінде қажет құжаттарды жинап, жұмысқа кірісіп кеткен. Абай ауданындағы Мансап орталығы арқылы тігінді алты ай оқып, біліктілігін жетілдірген. Бұрыннан қолы іс білетін Ерқайрат қазір пішу цехының жетекшісі.

«Фабрика басшысының қолдауы үшін алғысымды білдіремін. Жазамды өтеп шыққан соң енді қалай қыламын?», деген уайым болды. Бірақ, еңбектің арқасында қоғамға, ортаға тез сіңіп кеттім. Мекемеде отырған жылдары киім тіккен едім. Қолымнан кеп тұрған соң осы шаруаны оң көрдім. Міне, еңбек етіп жатқаныма үш жыл болды, жауапты қызметтемін. Осында жүріп, өз бақытымды тауып, отау құрдым. Келіншегім Наталья екеуміз пішу цехындамыз. Еңбектің арқасында үйлі болдық», – дейді Ерқайрат Тайтілеуұлы.

Сонымен қоса, фабрика «Алтын жас», «Күміс жас» секілді әлеуметтік бағдарламалар арқылы да тігіншілерді жұмысқа қабылдап жатыр.

Неміс технологиясы келеді

Жақында фабриканың директоры Нұрхан Жұмабековтің арнайы шақыртуымен Алматыдан «Компания АСТАМ» ЖШС директоры, техника ғылымдарының кандидаты Бегаим Баратбекқызы келіп кетіпті. Кәсіпорынның киім тігуде технологиялық процесті жетілдіру жолдарын жобалап беріпті.

«Бұл фабрикаға 1986-1988 жылдары жапон және неміс құрал-жабдықтарын қою процесіне қатысып және 1989 жылы ғылыми жұмысымның нәтижесін енгізу ретімен келгенмін. Араға 37 жыл салып қайтадан Абай фабрикасына келгендегі бірінші көзге түскені – кең, жарық, биік ғимарат сақталғандай. Бұл ғимаратты қайта қалпына келтіру жолында көрген қиыншылықтарын Нұрхан мырза баяндап берді. Бүгінгі таңда, осы деңгейдегі тігін өндірісі санаулы ғана деп айта аламын. Тігіп жатқан бұйым сан алуан. Жеке тапсырыспен жұмыс істеп жатқандарын атап өту керек. Ал, технологиялық процесс жетілдірілуде. Германияның «ДЮРКОПП АДЛЕР» компаниясының инновациялық құрал-жабдықтарын, технологиясын енгізу ретін қарастыру көзделіп отыр. Бұл жоба іске қосылған жағдайда техник, механик және технолог мамандарын қосымша оқыту процесі неміс мамандарымен өтеді. Ерекше айта кету керек, Нұрхан Жұмабековтің ұжым жұмысын дұрыс ұйымдастыруы арқасында, бір данадан тапсырыс алып, 100 кісіні жұмыспен қамтамасыз етіп, уақытылы жалақыларын төлеп отырғаны екі бір азаматтың қолынан келе бермейтін шаруа, – дейді Бегаим Баратбекқызы.

Жұмысшыларға жан-жақты жағдай

Фабрика басшысы тігіншілеріне қолайлы жағдай жасауды бірінші кезекке қояды. Фабрика ішінен балаларға арналған ойын алаңын дайындап қойыпты. Қызметкерлердің балабақшаға бармайтын балалары күні бойы уақытын сонда өткізеді. Ойыншықтың түр-түрі, бүлдіршіндердің зейінін ашатын журналдар, бояулар бар.

Мұнымен қоса, массаж орталығы бар. Күні бойы жауырыны талған жұмысшылар бір мезет кәсіби массажшының көмегіне жүгінеді. Фабриканың осы секілді жылы қамқорлығы, жанашырлығы жұмыс күшін жеңілдетіп отыр.

Айтпақшы, іргесіндегі Топар демалыс орнында фабриканың да өз аймағы бар. Жаз шыға жұмысшылары сол жерде отбасымен уақыт өткізеді. Барлығы фабрика есебінен, тегін. Фабрика басшылығы тігіншілерге арналған тегін жатақхананың құрылысын бастаған. Дәл жұмыс орнының жанынан. Енді, тігіншілер баспанамен де қамтылады.

Өнімі – өзге елдерде

Олар тігіп, шығарған өнімдерді «Instagram» парақшасында интернет-дүкені, «Kaspi.kz» қосымшасы арқылы саудалап отыр. Еліміздің түпкір-түпкірінен тапсырыс алады. Отандық өнімді қолдап, Аустралия, Моңғолиядағы қазақтар алып жатқан көрінеді. Тіпті, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев фабрикада тігілген қыстық күртешені киеді. Ғажап дауыс иесі Димаш Құдайбергенов, Олимпиада чемпионы Серік Сәпиев секілді жұлдыздар да «Abai» өнімін тұтынады.

Бір қызығы, әлеуметтік желідегі парақшаларындағы фабрика директорының кішкентай қызы Нұрайым Жұмабектің бейнежазбалары жап-жақсы жарнама көзі болып отыр.

Өндірісті өркендетсек...

Тігін фабрикасының директоры Нұрхан Жұмабековтің алдағы жоспарлары да үлкен. Ол өндіріс көлемін ұлғайтып, келешекте жүн өңдеу және жіп иіру цехтарын ашпақ ойда. Оның бұл ойлағанына мемлекет тарапынан қолдау болмай, әзірге өз күшімен тірлік жасап жатыр. Сондықтан да, әлі өркендей қоймаған осындай өндіріс орындарына назар аударатын кез жеткен секілді.

Абай ауданы

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Үш миллиондық мүмкіндік

Саранда өндірілген шина атаулысы тұңғыш рет отандық автозауыттарға жөнелтілді. Бұл қадам Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жүктеген негізгі міндеттермен толық үндес. Президент өз Жолдауларында өңдеуші өнеркәсіптің әлеуетін арттыру, өндірісті әртараптандыру және технологиялық тәуелсіздікке қол жеткізу қажеттігін бірнеше мәрте атап өткен болатын. Мемлекет басшысы отандық өндірісті қолдау арқылы жұмыс орындарын көбейтіп, ел экономикасының тұрақты дамуына жол ашу – стратегиялық басымдық екенін баса көрсеткен. Бұрынырақта тек шетелдік «тағаға» телмірген темір тұлпар түмені енді толықтай қазақстандық өніммен қамтыла бастады. Бұл – тек отандық өндіріс үшін емес, мұқым машина өндірісі үшін жаңа белес. Алғашқы партия – 900 дана! Ал, анығында, бұл тек – бастамасы ғана…

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Индустрия мен идея үйлесімі

Саран қаласындағы шиналар зауыты республика автозауыттары үшін өз өнімін жөнелте бастады. Ендігіде Қазақстанда шығарылған автомобильдер облысымызда өндірілген шиналармен жабдықталады. Яғни, бастапқы 900 данасы Қостанай қаласындағы Allur кәсіпорнына сәтімен жөнелтілді. Осылайша 205/55 R 16 типоразмеріндегі Attar S01 модельді жаздық шиналар енді отандық жеңіл автокөліктердің «төрт аяғына» «тағаланады».

Айта кету керек, өнім алдын ала омологациядан өткен. Бұл дегеніміз өнімнің немесе техникалық құрылғының тиісінше стандарт пен талапқа сәйкес екенін ресми түрде растау амалы. Аталған үрдіс көбінесе автомобиль өнеркәсібінде, құрылғыларды пайдалану қауіпсіздігі мен тиімділігін тексеру барысында қолданылады. Бір жұпыны мысал, қолға түскен шина омологациядан өткенде, оның тиісті сапа стандарттарына сәйкес келетінін әрі қауіпсіз пайдалану үшін барлық қажетті сынақтардан өткенін көрсетеді. Мұндай амал автокөлік өндірушілері үшін өте маңызды. Себебі, омологациясыз өнімді сертификациялау және сату әсте мүмкін емес. Демек, өнімнің нарыққа шығуына және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге кепілдік беретін рәсім. Зауыттағы жіті бақылау үрдісі 100 емес, 200 пайыздық деңгейде жүзеге асырылады. Әрбір шина міндетті визуалды тексеруден әрмен қарай автоматты құралдармен сынақтан өтеді. Техникалық тексеруден өтпеген өнім атаулысы жарамсыз деп есептеліп, «жыртылған бүйірімен» өңдеуге қайта жөнеледі. Есесіне ақаулы өнімдердің сатылымға түсуі түбірімен шектеледі. «Неге?» дейсіз ғой. Өйткені, өнім тек ел ішіндегі нарықта ғана емес, шетелде де жоғары сұранысқа ие. Сондықтан, жоғары талап жоғары нәтижеге ықпал етеді.

Еске салайық, шина зауытының құрылысы 2021 жылы Саран индустриалды аймағында бастау алған. Жоталы жобаға инвесторлар – ПАО «Татнефть» ашық акционерлік қоғамы мен «ГК «Аллюр» акционерлік қоғамы әртарапты қолдау көрсеткен. Бұған құйылған жалпы инвестиция көлемі 531,8 миллион АҚШ долларын құрады. Зауыттың қызмет алаңы да таңырқатады. 106 мың шаршы метр! Кәсіпорын әлемдік өндірушілердің заманауи жабдықтарымен жабдықталған. Заманбап технология өз кезегінде, резеңке қоспаларын әзірлеуден бастап, жинақтау мен вулканизацияға дейін толық циклмен шиналарды өндіруге мейлінше мүмкіндік береді. Мұндай өркенді өндіріс ошағы бар болған жағдайда, импортқа тәуелділік азайып, экспорттық бағыт та дамиды.

Жеті элементті жетістік

Шина құрылымы жеті негізгі элементтен тұрады. Гермоқабат өнімнің герметикалығын қамтамасыз етіп, ауаның сыртқа шығуына жол бермейді. Борттық сақиналар мен қанатшалар шина мен дөңгелек дискісінің дұрыс орналасуын қамтамасыз етеді. Келесі элемент – бүйірлік бөліктер, осы арада барлық жазулар айқын оқылып, көрінеді. Одан кейін қабаттасып орналасқан каркас келеді. Ол екі түрге бөлінеді: маталы және металды (брекер). Негізгі міндеті – шинаны механикалық зақымданудан мейлінше қорғау. Ал, соңғы элементі – протектор. Осы жетілген жеті элементтің әрқайсысы арнайы жабдық қалыбында өндіріледі, – дейді «Tengri Tyres» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өндіріс және техникалық қамтамасыз ету жөніндегі директордың орынбасары Максим Белявский.

Өндірістік үдеріс бес кезеңге бөлінген. Әуел баста әртүрлі шикізат түрлерінен резеңке қоспалар дайындалады. Соңыра болашақ шинаның жекелеген элементтері: маталы корд, брекерлер, протектор және өзге компоненттер жасалады. Одан кейін барлығы жинақталып, шина қалыбына келгенде оны вулканизациялау үдерісі басталып кетеді. Күрделі қалыптау амалдары арнаулы қалыпта жоғары қысым мен белгілі бір температурада жүзеге асырылады. Осылайша, резеңке қоспасы өз қасиеттерін өзгертіп, өнім қажетті протектор мен бүйірлік бөліктердің суретімен соңғы пішінін еншілейді. Ал, ең соңында дайын өнім мұқият тексеріледі. Бұл тек визуалды бақылау ғана емес, арнайы автоматтандырылған жабдықтарда шина сынақтан өтеді.

Жалпы алғанда, зауыттың өндірістік қуаты жылына 3 миллион жеңіл әрі 500 мың жүк көлігіне арналған шиналар көлемін құрайды. Өткен жылдың маусымында Attar брендінің жеңіл автокөліктеріне арналған шиналардың сериялық өндірісі жолға қойылған-ды. Мұнысы бюджет сегменті болып табылады. Жадыраған жазғы маусым үшін жеңіл автокөліктер мен жолсызды бағындырар темір тұлпарларға арналған қос моделді шина даярланды. Сондай-ақ, сол көліктер үшін өзге де «аяқ киім» – қысқы, «азу тісті» шиналар да өндіріліп келген.

– Attar брендінің өнімдері Қазақстан нарығында өткен жылдан бері қолжетімді. Өнім дилерлік орталықтар арқылы сатылады. Шиналар ресми дистрибьюторлардың мамандандырылған дүкендер желісі арқылы саудаға түскен. Аталған шиналар еліміздің көптеген аймақтарында қолжетімді. Сондай-ақ, экспорт мәселесі де жолға қойылған. Мәселен, былтырдың жазында Attar шиналарының Ресейге алғы жеткізілімдері басталды. Кәсіпорын отандық автозауыттармен де ынтымақтасады, – деп түсіндіреді Максим Белявский.

Мақсат – модернизация!

Орталық облыста инвестиция тарту бойынша жұмыстардың белсенді жүргізілуінің негізгі себебі көпаспектілі әсерге ие болуында. Жобаларға салынған инвестиция заманауи технологияларды енгізу, жаңа жұмыс орындарының ашылуы және салықтың түсімі. Мысалы, қазіргі уақытта шиналар зауытында шамамен 800 адам жұмыс істейді. Ал, болашақта олардың саны 1100-ге дейін артуы тиіс. Қызметкерлердің көпшілігі шетелде арнайы оқудан өткен. Өйткені, задында зауыт Қазақстандағы алғашқы да жалғыз бірегей өндіріс. Кәсіпорын заманауи автоматтандырылған құрылғылармен жабдықталған.

Айта кету керек, осындай әлеуетті кәсіпорынның іске қосылуы тек импортты алмастыру мәселесін ғана шешіп қоймайды. Анықтағанда, машина жасау саласының дамуына да елеулі үлес қосады. Бұл бағытқа ерекше көңіл бөліп келе жатқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жайында бірнеше рет атап өткен. Президент инвестиция тартудың маңыздылығына да баса назар аударған болатын. Осыған байланысты, өңірде жүйелі жұмыстар жүргізілу үстінде. Қазіргі таңда облыста «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін инвесторларға қызмет көрсету орталығы құрылған. Мұнда инвестициялық жобаларды сүйемелдеумен, оның жүзеге асырылуын мониторингілеумен және жаңа инвестициялар тартумен айналысады кәнігі мамандар. Орталық кәсіпкерлерге құрылысқа қажетті рұқсат құжаттарын рәсімдеуге, визалық қолдау көрсетуге және инвестициялық келісімшарт жасауға жан-жақты көмек көрсетеді. Яғни, инвестордың мемлекеттік органдардың ішкі рәсімдерін, құрылымын білу қажеттілігін жойып, жобаларды іске асыру үдерісін айтарлықтай жеделдетеді. Тіпті, арнайы show room да жұмыс істейді. Енді кәсіпкерлермен кездесулер әкімдікте ғана емес, дәл осы кең әрі қолайлы орталықта өтеді. Айта кетсек, 2019 жылдан бері өңірде жалпы құны 717,4 млрд теңгені құрайтын 46 инвестициялық жоба іске қосылды. Нәтижесінде 7,4 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды.

Қош, делік. Жол бар. Дөңгелектің шинасы шымыр. Ендігі меже – уақыт пен табандылықта. Себебі, Қазақстанда жасалған кез келген өнім енді жөнекей тауар емес, ұлттың өз қолымен жылнамасына бәдіздеп жазған жаңа дәуір шежіресі.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ
ДАМУДЫҢ 6 ЖЫЛЫ

Белгілі тележурналист Жеңіс Сармурзин – 60 жаста

Жеңіс дос, сен келгенде дүниеге...

Жеңіс Кенжеұлына

Байтағым, асқар тауым,
тыңда далам,
Бұл күнді ақын бар ма
жырламаған!?
Қазақтың Жеңіс деген перзенттері,
Мамырдың тоғызында іңгәлаған.

Сүйіншілі хабар жетті ала белден,
Жас алып жанарына Ана көрген,
Әр жылдың тоғызыншы
мамырында,
Сәбилер Жеңіс үнін ала келген!

Отанның ордасына от құлаған,
Бел жазып қасіреттен жатты
ғалам...
Жалғыз сөз Жеңіс деген дәтке қуат,
Жемістің дәмінен де тәтті маған!

Бозторғай көкте сонау дамылдаған,
Маужырап тұрса дағы сағым
далам,
Жеңіс дос, сен келгенде дүниеге,
Салқыны сұм соғыстың арылмаған...

Өтсе де жиырма көктем,
жаз бен қысы,
Жүректен сейілмеген соғыс сұсы,
Алпыс жыл содан бері өткен екен,
Ұшпады қай қиырға көңіл құсы!

Жеңіс дос, Жеңіс құрдас,
замандасым,
Өнерге қатар келген қаламдасым,
Жеңістің ел тойласа сексен жылын,
Жиырма жыл жетпейді екен
оған жасың...

Өтсе де жастық дәурен бұла керім,
Қанаты талмайтұғын қыран едің,
«Атығай, Қарауылға олжа салған»,
Тұяғың тозбасыншы, Құлагерім!

Қойлыбай АСАН,
Қазақстан Республикасының
мәдениет қайраткері

Жаны жайсаң азамат

Биыл Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына сексен жыл толды. Осы жеңістің жиырма жылдығында туған біздің Жеңіс те алпысқа келіпті.

Ұлы ақын Мұқағалидың:
Бәрін де көрдіңіздер,
Бәріне көндіңіздер,
Бәріне сендіңіздер,
Бәрін де бердіңіздер,
Сіздер алпысқа келдіңіздер... – дегеніндей, біздің толқын да бәрін көріп, бәріне көніп, бәріне сеніп, бәрін беріп, алпыс жастың есігін айқара ашты. Дәл қазір менің алдымда Жекеңнің ақ параққа жазылған шағын өмірбаяны жатыр. Шағын болса да, бұл жазбадан бір азаматтың айдынды шалқар ғұмыр дариясын, өнегелі өмір жолын көргендей болдым...

***

Жеңіс Кенжеұлы Сармурзин – 1965 жылы мамыр айының 9 жұлдызында Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Бақты кеңшарының Абыз бөлімшесінде көпбалалы отбасында дүниеге келген.

1972-1980 жылдары 8 сыныпқа дейін Абыз бөлімшесіндегі орталау мектепте оқып, 1982 жылы орта мектепті Бақты кеңшарында аяқтайды.

Орта білім алған соң, еңбек жолын өзі туған ауылында механизатор болып бастаған. 1982 жылдың қарашасында Әскер мен теңіз армиясы қатарына мамандар даярлайтын еріктілер қоғамының (ДОСААФ) жолдамасымен сол кездегі Қарағанды облысы, Ульянов (бүгінгі Бұқар жырау) ауданына қарасты Корнеевка селосындағы №12 кәсіби білім беретін техникалық училищесінде оқып, артиллериялық ауыр жүк тартқыштың (АТТ) жүргізуші-механигі мамандығын алып шыққан. Аталған училищені бітірісімен көктем айында әскер қатарына шақырылып, 1983-1985 жылдар аралығында Отан алдындағы әскери борышын өтеген. Әуелде Свердлов облысындағы әскери бөлімге түсіп, танк әскерінің полкінде 6 ай мерзімде оқу-машықтану курсынан өтеді. Содан соң бір жарым жыл Кеңес әскерінің Германиядағы тобында (ГСВГ) өздігінен жүретін 152 мм артиллериялық қондырғысының жүргізуші-механигі болып қызмет атқарады.

Әскер қатарынан оралған соң, 1985 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, аталған жоғары оқу ордасын 1990 жылы бітірген. Сол жылы Қарағанды облыстық телерадиокомпаниясының «Жаңалықтар» редакциясына жұмысқа қабылданады. «Жауынгер жанр» жаңалықтарда екі жылдан астам еңбек еткен соң, салалық редакцияға ауысып, «Адамгершілік – алтын діңгек», «Тынысың тарылмасын, алтын бесік», «Өндірісті өлке», «Ауылым – алтын бесігім», «Қылмыс пен тұрмыс», «Ұлан» атты авторлық бағдарламаларды дайындап, жүргізген.

1994 жылы өндірістен қол үзбей жүріп, Алматы қаласындағы Қазақстандық менеджмент, экономика және болжаулау институында кәсіби шеберлікті шыңдап қайтады.

2007 жылы Қарағанды «Болашақ» университетіне сырттай оқуға түсіп, оны 2009 жылы «Заңтану» мамандығы бойынша бітіріп шыққан.

2001 жылдан бері Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Облыстық телеарнада еңбек еткен жылдары мемлекеттік және салалық мекеме басшыларының атынан Алғыс хаттар мен түрлі марапаттар алған. Атап айтқанда, «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы АҚ басқарма төрағасының, Қарағанды облысы әкімінің, облыс прокурорының Алғыс хаттарымен, басқа да салалық мекемелер мен ұйымдар тарапынан марапаттауларға ие болған. Сонымен қатар, Қарағанды қаласының және Қарқаралы ауданы әкімінің аппаратында еңбек еткен жылдары қала және аудан әкімдерінің Алғыс хаттарымен, «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігіне 10 жыл» төсбелгісімен марапатталған.

Үйленген, үш баласы мен немере-жиендері бар. Жұбайы Дәркен Асқарқызы Сармурзина – «Тілек» балабақшасында денешынықтыру тәрбиесінің нұсқаушысы.

Үлкені – Айдана, одан жиендері бар, Жандос есімді баласы – ҚР Мемлекеттік Күзет қызметінің офицері, мемлекетімізде күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлес қосып келеді, «Немерелерімді «оригинал» деп еркелетсем, жиендерім: «мұрт ата» дегенде, төбем көкке бір елі ғана тимей тұрғандай болады», – дейді Жекең әңгіме барысында. Олар да өсіп келеді. Үйдегі кішкентай Жанай – биыл политехты бітіреді, қазір Павлодардағы бір кәсіпорында өндірістік іс-тәжірибеден өтіп жатыр.

Бұл – Жекеңнің бір параққа сыйғызған өзгеше өрілген өмірбаяны. Енді сәл шегініс жасап, қосымша деректер қосайық.

Жеңіс досымыздың қасиетті Қарқаралының Абыз ауылында осыдан алпыс жыл бұрын өмірге келгенін, орман-тоғайлы, табиғаты тұнған сол бір ғажайып мекенде балалық балдәуренін өткеріп, ойын баласы болып ойнағанын, мектеп қабырғасында партада отырғанын, ауыл қарадомалағына тән базарлы балалықты бастан өткізгенін, бозбала шағын, ел қатарлы әскерде болғанын өзі жазған өмірдеректерінен көріп отырмын. Ал, менің Жекеңмен таныстығым, әрі қарай достығым – сонау жылдардағы студенттік күндеріміздің басталған. Мен 1987 жылы ҚарМУ-ге оқуға түскенімде Жеңістер үшінші курста оқып жүрді. Алғаш рет «сельхозда» жүргенімізде бір топ жоғары курс студенттері бізге келген болатын. Солардың ішінде Жеңіс те болды-ау деймін. Бірақ біздің танысу сәтіміз – сол «сельхоздан» кейін бірінші курсты алғаш бастаған күндердің бірінде болған сияқты. Мен де оқуға түскенде Жеңістер құсап, әскерді бітіріп, ауылда біраз жұмыс істеп, былайша айтқанда, өмір көріп келгенбіз. Сондықтан да жоғары курстармен бірден жақсы араласып кеттік. Студенттік өмірдің қызық-шығысын, жатақхана жағдайын, бәрін де қатар көрдік.

Жеңіс Кенжеұлының зерделі жан, қабілетті азамат болып қалыптасуына ең әуелі туған жерінің тұмса табиғаты жақсы әсер етсе керек. Жап-жасыл орман-тоғай, сыңғырлап аққан бұлақ суы, айнала аспанға астасқан тау биігі, әуелеп ұшқан, айналып ұшқан құстар легі, төрт түлік малдың төл қызығы, дала жануарларының тосын әрекеттері – осының бәрі бала Жеңістің жан дүниесін жаулап, сұлулыққа құштарлығын арттырған. Әкесі – Кенже (Тілеубек) Қонақай тауының бауырында орналасқан Абыз ауылының қадірменді ақсақалы, өмірден көргені мен көңілге түйгені мол, қазақтың қисса-дастандарын жатқа білгені, айтып-насихаттап отыратыны, көп жылдар орманшы болғандығы да, сонымен қатар ауылдың үлкендерінің үлгі-өнегесі де баланың балғын жүрегіне балдай сіңген. Анасы Дәметкен үй шаруасымен айналысуымен қатар, бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, ұл-қыздарының қатардан қалмай, аяулы ана жүрегінің тілімен айтсақ: ұрпағының «ат атандырмай, сүйек сындырмай» ғұмыр кешулеріне негіз қалаған аяулы жан, «Батыр ана» болған. Орманшының ерке ұлы табиғаттың тілін, сұлулықтың үнін осылай ерте ұғынған. Екіншіден, ауыл мектебінде оқып жүргенінде бастауыш сыныпта Рахила апайы мен Әбуғали ұстаздары, ортаңғы кластарда қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген мұғалімдері Сәбит Қашағанов, Амантай Нығметжанова секілді аға-апайларының көп көмегі тиген. Сол бір ізгі жандардың еселі еңбектерінің нәтижесінде табиғатқа құмар талапкер бүлдіршін ұлттық руханиятты, халық ауыз әдебиетіндегі інжу-маржанның бәрін санасына қондыра берген. Әрі қарай осы ұлағатты ұстаздарының бағыт-бағдарымен филолог-әдебиетші мамандығын таңдағаны да рас.

Қарашаңырақ ҚарМУ-де оқып жүргенінде де әдебиет әлеміне еркін бойлап, қаншама ғалым-ұстаздардан дәріс алды, ғибратын тыңдады. Алашқа аты мәлім доктор-академиктердің тәлім-тәрбиесін көрді. Университет бітірерде жазған дипломының тақырыбы: «Оралхан Бөкейдің «Қар қызы», «Сайтан көпір» шығармаларындағы тартыс табиғаты» деп аталған. Ғылыми жетекшісі – Темірғали Есембеков болды. Аталмыш тақырыпты сәтті қорғап шыққан Жеңісті белгілі ғалым Темкеңнің өзі ғалымдық жолға шақырып баққан екен. Ғылымның бейнетінен қашты ма, әлде жастықтың желігі болды ма екен, әйтеуір, диплом алған бетте Жекең Қарағанды телевидениесінен бір-ақ шыққан. Теле-теңізге тележурналист болып орналасқан. Мұнда да Масығұт Жабасұлы Халиоллин, Хамза Ахметұлы секілді ұстаздары, ақылман ақсақалдар алдынан шығып, ақ батасын беріп, еңбек сапарына сәттілік тілеген. Сөйтіп, Қарағанды облыстық телевидениесінде 20 жылдай жемісті еңбек етті.

2010-2014 жылдары Қарағанды қаласы әкімінің және 2014-2015 жылдары Қарқаралы ауданы әкімнің аппаратында баспасөз қызметінің хатшысы болып жұмыс істеді.

Бүгінгі таңда Қарағанды облысы ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ бөлім маманы болып қызмет атқаруда. Ең бастысы – алғашқы еңбек жолынан күні бүгінге дейін Қазақ еліне, Алаш жұртына қызмет етіп келеді.

***

Сөз басында алпысты айттық. Біздің қатар алпыстың айбынды асуына шыққанын тілге тиек еттік. Осы мамырдың тоғызында біздің Жекең де сол алпыстың ақ боз ордасына кірді. Осынау орайлы сәтте Жеңіс досымызға мықты денсаулық, отбасына амандық-бақыт, бар жақсылықты тілейміз. Балалардың, немере-жиендердің қызығын, еңбектеріннің жемісін ұзақ көріңдер демекпіз. Алпыстың талтүсі алдыңғы мерейтойларға алтын көпір болып, жүзге дейін өмір-өзенде жүзе бер, қадірлі дос!

Әлімжан ҚҰТЖАНҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Абыздың Жеңісі

Арманға толы студенттік кезім, қайта айналып келмейтін жастық шағым, яғни 1983 жылдан 1999 жылға дейінгі өмірім Қарағанды қаласында өтті. Мен үшін жер бетінде бұдан асқан көрікті шаһар жоқ.

Осынау өмір белестерінде Жеңіс Кенжеұлы Сармурзинмен сыйластығымыз достыққа ұласты.

Қарағанды мемлекеттік (бұл күндері Е.Бөкетов атын иеленген) университеті филология факультетінің бірінші курсын тәмамдаған мені әскер қатарына алып кетіп, екі жылдан соң екінші курсқа қайта келгенімде жиырма бес студенттің жетеуі жігіт екен. Мұндай жағдай филология факультетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында өте сирек кездесетін. Оның үстіне әскерден келіп оқуға түскен жігіттер басым екен. Солардың бірі – Жеңіс. Маған бір қарағанда ол шын мәнінде әскери тәртіппен жүретіндей көрінді. Мінезі тік. Қылтың-сылтыңнан алыс. Жатақханада апта сайын болатын дискотекадан да бойын аулақ ұстайды.

Бүгінгі қоғамда сандарды (туған жыл, ай, күн, сағаттарын) есептеп батыл болжам жасайтын «нумеролог» аталатын көріпкелдік пайда болыпты. Өз басым мұндай сандыраққа сенбеймін. Бірақ Жеңіске қатысты туған күні мен есімі адамның болашағы мен мінезін айқындайды дегенге сенгім

Жеңіс Сармурзин группалас достарымен. 1987ж.

келеді. Ұлы Жеңістің жиырма жылдығында дүние есігін ашқан оның болмыс-бітімінде сол бір сұрапыл соғыс жылдарының қаталдығы бар. Досқа – әділ. Айтар ойы – батыл. Бірбеткейлігімен талайлармен шекісіп қалғанының куәсі болдым. Келеңсіз оқиғаларды кейде еске де алғың келмейді екен. Мұндайды жария еткенде дұрыс емес. Дегенмен, ақыры бастаған соң бір-екеуін еске ала кетейін. Оқу тобымызда екінші курстан кейін әскерге шақырылған жігіттер болды. Солардың ішінде Жеңістің өзі жақын тартып жүрген, болашағынан зор үміт күткен бір жігіт әскерге аттанып бара жатқанда: «Осалдық танытатын болсаң (сол кезде әскери қызметтің қиындығына шыдамай өзіне-өзі қол салғандар туралы ел арасында әңгіме гулеп тұрған), өзім барып атып тастаймын», – дегені бар. Өтірік айтқандарды жақтырмайды. Өзіне қатысты болмаса да, анда-санда айтып қалатын жалған сөздері үшін әлдебір жігіттермен сыртынан жау болып жүретін. Оны мен ғана білетінмін. Студенттік шағында Оралхан Бөкейдің шығармаларын іздеп жүріп оқитын. Дипломдық жұмысының жетекшісі көрнекті әдебиетші ғалым, қазір әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, ұлағатты ұстазымыз Темірғали Есембеков Оралхан Бөкейдің «Қар қызы» мен «Сайтан көпір» повестерін зерттеуге ұсынған. Өзі әскери тәртіпке құрылған мінезіне ақиқат іздеп арпалысқан кейіпкерлердің болмысы, авторлық идея әсер етті ма университет бітірген соң менің досым шындық үшін шайқасып, жалғандықты жаны қаламайтын жауынгерге айналды. Олай болмағанда ше?! Тележурналист. «Қылмыс пен тұрмыс» хабарының редакторы. Қоғамдағы қылмыстың түп-тамырын іздеу бұрынғы мінезіне одан да қатал азаматтық ұстаным үстемеледі. Алайда жүрегінің терең түпкірінде Жеңіс досым жұмсақ. Сезімге ерік беретін кездері де болады. Жабыққан сәтте атажұрты Көкшені аңсап:

Кетемін Көкшетауға
көлік қайда,
Қасыма ере-тұғын серік
бар ма?!
Жүретін Сарыарқада сайран
салып,
Демеңдер болды бұған
желік пайда...

– деген өлең жолдарын өреді. Қолына домбыра алып, Ақансері мен Біржан салдың әндерін әуелетеді. Университетті тәмамдап, қызметке кіріскен жылы екеуіміз бір көшенің бойы деп айтуға болатындай жақын жерде тұрдық. Мен бойдақпын. Жан жары Дәркеннің дастарханы әрдайым жаюлы болатын. Дәмді тағамды ішіп алған соң қосылып айтатын әніміз бар еді. Кейінге дейін бас қоса қалсақ, сол әнді бір шырқамай тарқамаймыз.

Жеңістің туып-өскен жері – Абыз. Қарқаралы ауданына (бұрынғы Талды) қарасты Бақты совхозының шағын ауылы. Аласа таулары мен биік қарағайлары ерекше көз тартатын табиғаты әсем елдімекен. Жұбайы Дәркенді келін етіп түсіргенде күйеу жолдас болып бардым. Абыз десе, Абыз екен. Зәулім қарағайларды көкке өрлетіп, соның саясында орналасқан жатаған тауды жай ғана дамылдаған ақылгөй ақсақал дерсің. Сол Абыз ақсақалдың төскейінде ержеткен Жеңіс досымның да бала күнінен бойына даналықтың дәні егілгендей. Дүниеге тек ақыл көзімен қарайды.

Адам өміріндегі бел-белестердің бәрі де елеулі екені анық. Алайда кемел жас 60-тың жөні бөлек. Аға деп аталатын ардақты асудан асып, ақсақалдық мерейлі кезеңге көтерілер бұл шақтың тал түс аталуы да бекер емес.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен қатар келген 60 – тал түсің құтты болсын, досым!

Амангелді МАМЫТ,
Жұмабек Тәшенев атындағы
университетінің
Педагогикалық және
жаратылыстану ғылымдары
факультетінің деканы,
филология ғылымдарының
кандидаты,
доцент

ШЫМКЕНТ

Қарағанды облысы Шахтинск қалалық сайлау комиссиясының ҚАУЛЫСЫ

Шахтинск қ. № 1 14 мамыр 2025 жыл

Қарағанды облысы Шахтинск қаласы Шахан, Долинка, Новодолинский кенттерінің әкімдерінің сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 14 бабының 8-1) тармағына, 113-1 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына, сәйкес Қарағанды облысы Шахтинск қалалық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарағанды облысы Шахтинск қаласы Шахан, Долинка, Новодолинский кенттерінің әкімдерін сайлау 2025 жылғы 22 маусымға тағайындалсын.

2. Кандидаттарды ұсыну мерзімі 2025 жылғы 15 мамырдан 27 мамырға дейін, кандидаттарды тіркеу мерзімі 2025 жылғы 1 маусымға дейін белгіленсін.

3. Қарағанды облысы Шахтинск қаласы Шахан, Долинка, Новодолинский кенттерінің әкімдерін сайлауды әзірлеу және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспары осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Осы қаулы Шахтинск қалалық сайлау комиссиясының интернет-ресурстарында және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

Д.ШИНЖАНОВА
Шахтинск қалалық сайлау комиссиясының төрағасы

Қарағанды облысы Шахтинск қалалық сайлау комиссиясының ҚАУЛЫСЫ

Шахтинск қ. № 2 14 мамыр 2025 жыл

Шахтинск қаласы кенттері әкімдерін сайлау бойынша сайлау округтерін құру туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21-бабының 4-тармағына, 22-бабына сәйкес Шахтинск қалалық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шахтинск қаласы кенттері әкімдерінің сайлауы бойынша сайлау округтері құрылсын:

1). Шахан кентінің әкімі – Шахан кентінің шекарасындағы Шахан сайлау округі;

2) Долинка кентінің әкімі – Долинка кентінің шекарасындағы Долинка сайлау округі;

3) Новодолинский кентінің әкімі – Новодолинский кентінің шекарасындағы Новодолинский сайлау округі.

2. Сайлау округтерінің тізімін олардың шекаралары мен қалалық сайлау комиссиясының орналасқан жерін көрсете отырып, Шахтинск қалалық сайлау комиссиясының интернет-парақшаларында және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Д.ШИНЖАНОВА
Шахтинск қалалық сайлау комиссиясының төрағасы

Шахан кенті шекарасындағы Шахан сайлау округі

№393 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: 101600, Қарағанды облысы, Шахан кенті, 10/16 квартал, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Нұрғиса Тілендиев атындағы балалар музыкалық мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны.

№394 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: 101600, Қарағанды облысы, Шахан кенті, 11/17 квартал, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№2 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

№396 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: 101600, Қарағанды облысы, Шахан кенті, Кенесары Қасымұлы көшесі, Шахтинск қаласының әкімдігі Шахтинск қаласы мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Шахан кентінің мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

№397 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: 101600, Қарағанды облысы, Шахан кенті, 14 квартал, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№12 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

№398 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: 101600, Қарағанды облысы, Шахан кенті, 15 квартал, Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар «Қарағанды облысы Шахтинск қаласының арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Долинка кенті шекарасындағы Долинка сайлау округі

№399 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: 101600, Қарағанды облысы, Долинка кенті, Бурцев көшесі, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№ 8 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

№400 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: 101600, Қарағанды облысы, Долинка кенті, Парковая көшесі, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№4 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

№401 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: 101600, Қарағанды облысы, Долинка кенті, Садовая көшесі, Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі қылмыстық - атқару жүйесі комитетінің «№30 мекеме» республикалық мемлекеттік мекемесі.

№402 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: 101600, Қарағанды облысы, Долинка кенті, Заводской тұйық, Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі қылмыстық - атқару жүйесі комитетінің «№31 мекеме» республикалық мемлекеттік мекемесі.

№405 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: 101600, Қарағанды облысы, Долинка кенті, Мостовая көшесі, 6505 әскери бөлімінің батальоны.

Новодолинский кенті шекарасындағы Новодолинский сайлау округі

№403 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: 101600, Қарағанды облысы, Новодолинский кенті, Бобух көшесі, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№11 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

№404 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: 101600, Қарағанды облысы, Новодолинский кенті, Бобух көшесі, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№11 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шахтинск қалалық сайлау комиссиясының құрамы

Орналасқан жері: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Абай Құнанбаев даңғылы, 50 ғимарат Шахтинск қаласының әкімдігі Шахтинск қаласы мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Шахтинск қаласының кеншілер мәдениет сарайы» КМҚК Факс, телефон: 8-72156-50512

Комиссия төрағасы – Шинжанова Дамиля Жанбурбаевна
Комиссия төрағасының орынбасары – Пауль Оксана Валериевна
Комиссия хатшысы – Даткова Дина Сагантаевна

Комиссия мүшелері:
Парахневич Галина Викторовна
Онсович Николай Брониславович
Пеценюк Татьяна Антоновна
Ставничук Ирина Александровна

Учаскелік сайлау комиссияларының құрамы

№393 сайлау учаскесі
Орналасқан жері: 101606, Қарағанды облысы, Шахан кенті, 10/16 квартал, 12а ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Нұрғиса Тілендиев атындағы балалар музыкалық мектебі» КМҚК Факс, телефон: 8-72156-32930

Төраға – Чулпанова Татьяна Яхьяновна
Төраға орынбасары – Андреева Любовь Анатольевна
Хатшы – Жуманбаева Гулим Сериковна

Комиссия мүшелері:
Нажмаддинова Набира Сламаддиновна
Камальдинова Маргарита Ивановна
Каримов Павел Викторович
Новик Светлана Николаевна

№394 сайлау учаскесі
Орналасқан жері: 101606, Қарағанды облысы, Шахан кенті, 11/17 квартал, 1а ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№ 2 жалпы білім беретін мектебі» КММ Факс, телефон: 8-72156-32757, 8-72156-32669

Төраға – Смолицкая Татьяна Юрьевна
Төраға орынбасары – Закенов Есбол Советович
Хатшы – Галкина Оксана Викторовна

Комиссия мүшелері:
Джолдаспекова Сауле Болаткуловна
Карпинская Марина Петровна
Кенжебекова Айжан Байзаковна
Солтангали Жанбота

№ 396 сайлау учаскесі
Орналасқан жері: 101606, Қарағанды облысы, Шахан кенті, Кенесары Қасымұлы көшесі, 1 ғимарат, Шахтинск қаласының әкімдігі Шахтинск қаласы мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Шахан кентінің мәдениет үйі» КМҚК Факс, телефон: 8-72156-33577

Төраға – Шулембаева Айнагуль Балташовна
Төраға орынбасары – Сулейменова Венера Абдуллаевна
Хатшы – Калиева Салима Айдаровна

Комиссия мүшелері:
Бекешева Райхан Женысовна
Искендирова Жумагуль Жакеновна
Конырова Әсем Берікқызы
Черничкина Татьяна Анатольевна

№ 397 сайлау учаскесі
Орналасқан жері: 101606, Қарағанды облысы, Шахан кенті, 14 квартал, 6а ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№ 12 жалпы білім беретін мектебі» КММ Факс, телефон: 8-72156-30611

Төраға – Мустафин Беркин Кабдулбариевич
Төраға орынбасары – Сейтбекова Гульмира Сексеновна
Хатшы – Рамазанова Эльвира Нуркеновна

Комиссия мүшелері:
Конырова Бахытгул Аудашқызы
Абдрахманова Гулайым Далабаевна
Суюнжанова Алия Мейрамовна
Теремасова Ольга Юрьевна

№ 398 сайлау учаскесі
Орналасқан жері: 101606, Қарағанды облысы, Шахан кенті, 15 квартал, құрылыс 9А, Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Қарағанды облысы Шахтинск қаласының арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ Факс, телефон: 8-72156-32752

Төраға – Конюхова Светлана Игоревна
Төраға орынбасары – Громова Виктория Олеговна
Хатшы – Ташенова Ляззат Байдуллаевна

Комиссия мүшелері:
Майкубенова Айтбала Кусаиновна
Макарова Елена Юрьевна

№ 399 сайлау учаскесі
Орналасқан жері: 101607, Қарағанды облысы, Долинка кенті, Бурцев көшесі, 14 ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№ 8 негізгі орта мектебі» КММ Факс, телефон: 8-72156-64382

Төраға – Карпова Людмила Ивановна
Төраға орынбасары – Жусупбекова Акерке Ахатовна
Хатшы – Жолдыбалина Жанагуль Имангалиевна

Комиссия мүшелері:
Мухамеджанова Анжела Александровна
Смагулова Динара Сериковна
Хамкова Ольга Александровна
Шацкая Ирина Анатольевна

№400 сайлау учаскесі
Орналасқан жері: 101604, Қарағанды облысы, Долинка кенті, Парковая көшесі, 24 б ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№ 4 жалпы білім беретін мектебі» КММ Факс, телефон: 8-72156-58217

Төраға – Жадько Наталья Николаевна
Төраға орынбасары – Гайбель Людмила Сергеевна
Хатшы – Каратаева Виктория Владимировна

Комиссия мүшелері:
Горбунова Ольга Ивановна
Мухаметжанова Жанагуль Куанышевна

№401 сайлау учаскесі
Орналасқан жері: 101604, Қарағанды облысы, Долинка кенті, Садовая көшесі 92, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің «№30 мекеме» РММ Факс, телефон: 8-72156-58122

Төраға – Лидонова Татьяна Станиславовна
Төраға орынбасары – Форналь Анна Анатольевна
Хатшы – Мейрамова Марина Игоревна

Комиссия мүшелері:
Корнеева Кристина Игоревна
Корнеева Светлана Евгеньевна
Свинцова Ивета Александровна
Фризен Елена Валерьевна

№402 сайлау учаскесі
Орналасқан жері: 101604, Қарағанды облысы, Долинка кенті, Заводской тұйық көшесі, 1 ғимарат, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің «№31 мекеме» РММ Факс, телефон: 8-72156-58226

Төраға – Исупова Анна Анатольевна
Төраға орынбасары – Журавлева Нелля Муллашарифовна
Хатшы – Нефедова Наталья Юрьевна

Комиссия мүшелері:
Карипбекова Назым Ерсиновна
Либас Анна Ярославовна

№403 сайлау учаскесі
Орналасқан жері: 101605, Қарағанды облысы, Новодолинский кенті, Бобух көшесі, 23 ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№ 11 жалпы білім беретін мектебі» КММ Факс, телефон: 8-72156-62377, 8-72156-62907

Төраға – Какенбаева Гульнас Урмашевна
Төраға орынбасары – Кулматина Гульмира Серикбаевна
Хатшы – Макагонова Валерия Владимировна

Комиссия мүшелері:
Дементьева Марина Александровна
Загурскене Эва Владимировна
Когинова Жанна Абдиловна
Әбдрахман Жанагүл Әкімқызы

№404 сайлау учаскесі
Орналасқан жері: 101605, Қарағанды облысы, Новодолинский кенті, Бобух көшесі, 23 ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№ 11 жалпы білім беретін мектебі» КММ Факс, телефон: 8-72156-62377, 8-72156-62377

Төраға – Елизарьева Елена Геннадьевна
Төраға орынбасары – Евсеева Анна Владимировна
Хатшы – Добрышкина Наталья Александровна

Комиссия мүшелері:
Гарварт Ольга Васильевна
Ионушкина Ирина Стасио
Шелудченко Юлия Сергеевна
Шуксторова Алена Александровна

№ 405 сайлау учаскесі
Орналасқан жері: 101604, Қарағанды облысы, Долинка кенті, «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұланының 6505 әскери бөлімі» РММ, Долинка кентінің батальоны, «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 6505 әскери бөлімі» РММ Факс, телефон: 8-72156-58236, 8-72156-44991

Төраға – Жамалқожа Қуаныш Әуелханұлы
Төраға орынбасары – Морозов Вячеслав Александрович
Хатшы – Танабергенова Жания Ондырхановна

Комиссия мүшелері:
Гончарова Оксана Николаевна
Бұршақбай Құдайберген

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

д

● ФОРУМ

Ұлттың рухын ұлықтап...

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен Алаш қайраткері, қазақтан шыққан тұңғыш математика профессоры Әлімхан Ермековтің мол мұрасын насихаттауға арналған «АлашTime» форумы өтті.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Форум қатысушылары ұлт қайраткерінің мәңгілік мекеніне барып, рухына тағзым етті. Құран бағыштап, гүл шоқтарын қойды. Кейін Ә.Ермеков тұрған үйге барып, ғалымға арналған мемориалдық тақтамен танысты.

Форум үш бағытта өрбіді. Алдымен, «Жасасын Алаш, Жасасын!» ашық баяндама байқауына докторант, магистранттар мен жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттері қатысты.

«Quiz Time» интеллектуалды ойыны кезеңінде өңірдің колледж студенттері, ал, «Әлімхан Ермеков және математика» пәндік олимпиадасы бағытына Қарағанды қаласы мектептерінің 10-11 сынып оқушылары бақ сынасты.

Форумның ашылу салтанатына ақын, бард, Алаш қайраткерлерін, оның ішінде, Әлімхан Ермеков туралы игі істерге ұйытқы болып жүрген Қуаныш Мақсұтов, Астана қаласы «Әлімхан Ермеков атындағы №38 мектеп-лицейінің директоры Қадырғазы Мұқанов, журналист Ернат Қашқынов, «Арқа ақшамы» газетінің бас редакторы Әдебиет Белгібайұлы, әдебиеттанушы ғалым Әлімжан Жақан және ұстаздар, кітапханашылар, жоғары оқу орындары мен колледж студенттері, оқушылар қатысты.

Сөз кезегін алған қонақтар форум қатысушыларын құттықтап, сәттілік тіледі. Олар өз сөзінде Ә.Ермековтің қазақ математика ғылымы мен Алаш қозғалысы тарихындағы рөліне тоқталып, мол мұрасын жас ұрпаққа танытудың маңыздылығын атап өтті.

– Ашық баяндама байқауында еліміздің жетекші оқу орындарынан 15 қатысушы өтінім білдіріп, іріктеуден өткен 8 үздік баяндама қазылар алқасы алдында қорғалды. Қарағанды колледждері арасында «Quiz Time» интеллектуалды ойыны «ORTAU» креативті орталығында өтіп, оған 8 топ қатысты. Форумның үшінші бағыты Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейде Қарағанды, Астана және Балқаш қалаларынан келген 10-11 сынып оқушылары арасында өтті. Барлығы 46 оқушы бақ сынаған бұл білім бәсекесінде жас математиктердің логикалық ойлау, дәлдік және жүйелі шешім қабылдау қабілеті сыналды, – деді шара ұйымдастырушысы, өлкетану әдебиеттері бөлімінің басшысы Сандуғаш Телпекбаева.

«Жасасын Алаш, Жасасын!» атты ашық баяндамалар байқауында I орын Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің докторанты Әділет Жағыпар, II орын Астана халықаралық университетінің IV курс студенті Ақансері Қазақбаев, III орын Астана қаласы Әлімхан Ермеков атындағы №38 мектеп-лицейдің тарих пәні мұғалімі Гүлзия Иманбаеваға бұйырды. Арнайы сыйлықпен Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Ербұлан Мақатай марапатталды.

«Quiz Time» интеллектуалды ойынында I орынға Қарағанды «Bolashaq» жоғары колледжінің «Ізбасар» тобы, II орынға Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің «Ұлы Дала ұландары» тобы, III орынға Абай Құнанбайұлы атындағы Саран гуманитарлық-техникалық колледжінің «Ұлағат» тобы жайғасты.

Арнайы диплом Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті Экономика, бизнес және құқық колледжінің «Жеті қазына» тобына берілді.

Ал, «Әлімхан Ермеков және математика» атты пәндік олимпиаданың қорытындысында I орынның алтын медалімен Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназия оқушысы Ділназ Жанай, II орынның күміс медалімен №4 мектептен Ділназ Төлегенова және Балқаш қаласы Ә.Ермеков атындағы мектеп-лицей оқушысы Анжелика Крюкова марапатталды.

III орынның қола медалі әл-Фараби атындағы мектеп-гимназия оқушысы Мирас Амангелдіге, Ә.Ермеков атындағы мектеп-лицей оқушысы Абат Нұрға, Шәкәрім атындағы гимназиядан келген Жанель Сахимоваға табыс етілді.

Сурет ұйымдастырушылардан

Қарағанды қаласында «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының аудандық және қалалық кезеңдеріне өтінім қабылдаудың басталғанын хабарлаймыз!

◆ «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы адамгершілік құндылықтарды жандандыруға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) имиджін дамытуға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған.

◆ Байқау ережелеріне сәйкес үш кезеңнен тұрады. Бірінші кезең-аудандық (қалалық), екінші кезең – облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана). Облыстық кезеңнен кейін комиссия шешімімен бір отбасы «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының лауреаты атағына лайық деп танылады.

◆ Байқауға отбасы мүшелерінің еңбек, спорт, зияткерлік, шығармашылық, ғылыми жетістіктері бар, сондай-ақ қоғамдық пайдалы қызметке белсенді қатысатын отбасылар жіберіледі.

◆ Аудандық/қалалық кезеңге құжаттарды қабылдау ағымдағы жылдың 15 мамырдан бастап 15 маусым аралығында жүргізіледі.

◆ Құжаттар Қарағанды қ., Нұрсұлтан Назарбаев даңғ., 39А мекенжайында орналасқан Қарағанды қаласы әкімдігінің №508 каб. (әлеуметтік саланы және ішкі саясатты үйлестіру бөлімі, байланыс телефондары: 420890, 421412, +77089537209) қабылданады.

◆ Толығырақ ақпаратты Қарағанды қаласы әкімдігінің сайтынан алуға болады:
https://www.gov.kz/memleket/entities/akimat-karagandy/press?lang=kk

● АУЫР АТЛЕТИКА

Күмістің салмағы – 386 кг

Қытайдың Цзяньшань қаласында ауыр атлетикадан өткен Азия чемпионатында жерлесіміз Артем Антропов ел қоржынына күміс жүлде салды. Ол 102 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде сынға түсіп, қоссайыс нәтижесінде 386 (165+221) келіні еңсерді.

Сурет ашық дереккөзден

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әуелі ауыр атлетші жұлқа көтеруден сынға түсіп, 165 келіні бағындырды. Нәтижесінде, III орын иеленген. Одан кейін серпе көтеруден 221 келіні бағындырып, II орыннан көрінді.

Аталған салмақ дәрежесінде Азия чемпионы атағын қытайлық Лу Хуанхуа иеленді. Ол қоссайыс нәтижесінде 410 келіні бағындырған. III орынға 377 келіні бағындырған түрікменстандық ауыр атлетші Дәуранбек Хасанбаев табан тіреді.

Азия чемпионатының қорытындысы бойынша Ұлттық құрама спортшылары тек екі медаль жеңіп алды. 73 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде бақ сынаған отандасымыз Петр Хребтов қола медаль еншіледі. Ал, Ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен Егор Шерер (89 келіге дейін) мен Любовь Ковальчук (87 келіден жоғары) жүлдеге бір қадам жетпей қалды.

● БӘРЕКЕЛДІ!

Би – жанның тілі

Қарағанды академиялық музыкалық комедия театры жанындағы «Ballerina» балалар хореографиялық студиясының тәрбиеленушілері бірден екі беделді байқауға қатысып, жүлделі орындармен оралды.

Студияның үлкен тобы Астанада өткен VI Халықаралық «Рейтинг успеха» өнер фестиваліне қатысып, бір алтын және үш күміс медаль еншіледі. Топ жетекшісі – Диана Евстафьева.

Ал, кіші топ бишілері Татьяна Чакаминаның жетекшілігімен Гран-при иеленді. Одан бөлек, тағы да алтын және күміс медаль да иеленді.

Айта кетейік, фестиваль би, вокал, театр өнері және ұлттық мәдени мұраны насихаттап, дарынды балаларды қолдау мақсатында ұйымдастырылған.

Өз тілшімізден

Сурет ансамбльдің мұрағатынан

● СПАРТАКИАДА

Жүрек жеңіске жетелейді

Қарағандыда тірек-қимыл аппараты зақымданған, есту және көру қабілеті төмен спортшылар арасындағы өткен VIII облыстық спартакиада өз мәресіне жетті. Екі күнге созылған сайысқа 180 спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтаған еді. Нәтижесінде, жалпыкомандалық есепте Қарағанды қаласының және Абай ауданының спортшылары үздік атанды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл сайысқа спорт шеберлері қатыспайды. Қатысуға тыйым салынған. Тек, әуесқойлар өнер көрсетіп, қарым-қабілетін сынады. Былтырға қарағанда биыл қатысушылардың саны артқан. Әсіресе, аудандардан келген спортшылар саны көбейіпті. Атап айтсақ, Абай ауданының командасы – биыл спартакиаданың басты фавориттерінің бірі. Спорттың бес түрінен қатысуға толық құраммен келіпті. Солардың қатарында саламатты өмір салтын ұстанған абайлық Марат Құстаев велосипед теуіп, шахмат ойнағанды жақсы көреді екен. Осы жарыста шахматтан II орын иеленіп, командасына жеңіс сыйлады.

– Мен үшін спартакиада – жай ғана жарыс емес. Күш пен жігердің, бірліктің мерекесі. Өзім осындай турнирлерге үнемі қатысып жүремін. Осы жолы бағым жанып, жүлдегерлердің қатарынан көріндім. Бұл – мен үшін үлкен жетістік, – дейді ол.

Сарандық жеңіл атлетші Айгүл Балмағамбетова, Дарья Пименова және Зухра Утарова да бар. Олардың мұндай сайысқа алғаш рет қатысулары екен. Өздері топ құрып, топтық сайыста бақ сынаған.

– Спортпен айналысып жүргеніме алты жылдан асыпты. Арбамен жүгірмес бұрын әбден денемді қыздырып аламын. Қолым қалт етсе болды, спортзалға барамын. Одан бөлек, пара бимен де айналысамын. Белгілі бір дәрежеде чемпион болсам деген үлкен арманым бар. Сол арманыма жеткенше спорттан қол үзбеймін, – дейді Айгүл Балмағамбетова.

Ал, теміртаулық Жанна Бакенова ядро лақтыру спортынан сынға түскен. Дәл осындай спартакиадаға бірнеше мәрте қатысып отыр.

– Өзіме жақында ғана ата жасалды. Соған қарамастан жарыс жолына шықтым. Адам болған соң сынақ болады. Сол сынаққа мойынсұнбай, бәріне оң көзқараспен қарау керек. Өзім екі бала тәрбиелеп отырмын. Әрі «Сердце Темиртау» тобының белсенді еріктісімін. Одан бөлек, қолөнерге де, шығармашылыққа да уақыт тауып жүрмін, – дейді Жанна Бакенова.

Жарыс қорытындысы бойынша қалалар арасындағы бәсекеде Қарағанды спортшылары топ жарды. Ал, II орынға – Теміртау, III орынға – Балқаш қаласының спортшылары табан тіреді.

Аудандар арасындағы чемпионатта Абай ауданының спортшылары үздік атанды. Осакаров ауданынан келген спортшылар – II орын, қарқаралылықтар III орын иеленді.

Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
С.Б. ІЛИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 724

№52 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жәлел ШАЛҚАР**